



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТІЛ САЯСАТЫНДАҒЫ ТАЛАП ОРТАҚ БОЛУЫ КЕРЕК



Тіл – қатынас құралы ғана емес, ұлттың өмір сүруінің көпірі. Себебі, кез келген қауымды халықтық деңгейге көтеретін құндылықтар тарих, дәстүр, өнер, тұрмыс-тіршілік болса, соның бәрі тілдің қуатымен жасалады. «Тілі жоғалған елдің өзі де жоғалады» дегенде Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынов ұлт болып ұйысудағы тілдің осы құдыретіне назар аудартты.

(Соңы 3-бетте)

МІНБЕР

СОТ АШЫҚ ДИАЛОГҚА ҚАШАН ДА ДАЙЫН

Сот пен БАҚ байланысының мақсаты – қоғамға шынайы ақпарат беру, бұрмалаушылыққа тосқауыл қою. Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабында мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттелген.

Жоғарғы Сот тарапынан қоғамның сотқа деген жағымды және сенімді көзқарасын БАҚ арқылы ашықтық, жариялылық принциптерімен қалыптастыру бағытында жұмыс жолға қойылған. Атап айтсақ, 2016 жылдың сәуір айында Жоғарғы Сот төрағасы Қазақстан Республикасы соттарының бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жүргізуі туралы тұжырымдама қабылданды.

Тұжырымдамаға сәйкес, сот туралы ақпараттың жариялылығы, ашықтығы және қолжетімділігі; әркімнің жеке өміріне қол сұғылмау, өзінің және отбасының құпиясының болуы, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуы туралы құқығын қамтамасыз ету, БАҚ-та ақпарат беру кезінде сотқа қатысушылардың құқығын сақтау; қолданыстағы заңдарға қарама-қайшы келмейтін әдіс-тәсілдермен сот туралы ақпараттарды іздеуді, алуды, беруді

қамтамасыз ету соттардың осы бағыттағы жұмысының қағидалары болып табылады.

Соттың БАҚ-пен байланысының мақсаты – қоғамның сот жүйесі туралы ақпараттарға сұранысын қанағаттандыру; сот билігіне сенімін арттыру; БАҚ өкілдеріне сот істері мен соттың жұмысы туралы ақиқат ақпараттар беруге жәрдемдесу; азаматтардың құқықтық мәдениетінің және құқықтық санасының деңгейін көтеру.

Еліміздің барлық соттарында БАҚ-пен жұмысты үйлестіруші судьялар белгіленіп, облыстық және оған теңестірілген соттарда ақпараттық бөлімдер құрылды. Бөлімді соттың баспасөз хатшысы басқарады. Бүгінгі күні бұқаралық ақпарат құралдары Жоғарғы Соттан бастап барлық облыстық соттардың сайттарынан, сонымен қатар жазбаша сұраным арқылы баспасөз бөлімінен, кез келген істер және сотта өткізіліп жатқан іс-шаралар

туралы шынайы ақпаратты заңға сәйкес тәртіпте тікелей ала алады.

Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі №451 заңының 2-бабына сәйкес, бұқаралық ақпарат құралына мерзімді баспасөз басылымы, теле-радио арналары, киноқұжаттама, дыбыс-бейне жазбасы және интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз бұқаралық таратудың басқа да нысандары жатады. Яғни, қазіргі заманда БАҚ санатына кіретін нысандардың қатары өте көп, ал оларда берілетін ақпараттардың көлемі де ұшан-теңіз.

Ақпараттардың арасында сотта жүріп жатқан істер, соттың жұмысы, судьялар туралы ақпараттар БАҚ пайдаланушыларының ерекше сұранысына ие және ондай ақпараттар қоғамда үлкен талқылауға ұшырайды. Нәтижесінде, соттардың БАҚ-пен жұмысында кейбір бірлесе шешуді қажет ететін мәселелер туындайды.

Осы ретте БАҚ өкілдері мен интернет-ресурстарын пайдаланушылар заңнамаларда көзделген ақпарат беруге және жариялауға кейбір шектеулердің бар екенін ескергені абзал.

(Соңы 2-бетте)

СҮЙНІШІ

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

– детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;

– детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;

– шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;

– осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар.

Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢИЗ!
ІСКЕ СӨТ!



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Айжан КЕСЕБАЕВА,
«Әділдік жолы» республикалық
қоғамдық бірлестігі, Шымкент
қалалық филиалының басшысы:

«ҚАРЖЫҒА ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМНАН НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫС КҮТУ БЕКЕР»

– «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігінің құрылуына не туртік болды! Әр өңірде филиалдарының ашылуына қарағанда бірлестік қызметіне сұраныс көп болар?

– Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қоғамдық бірлестіктер де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың субъектілері ретінде таныла алатындығы көрсетілген. Жалпы сыбайлас жемқорлық – деңгейі төмен мемлекеттердің тәжірибесін алып қарайтын болсақ, көбінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы азаматтық қоғамның белсенділігі, қоғамдық мониторингтің күштілігін байқаймыз. Азаматтары айналасындағы кемшілікке төзбейтін, қоғамдағы кеселдермен күресуде күш біріктіре білетін мемлекетте жағымсыз көріністерге орын жоқ.

(Соңы 5-бетте)

МИНБЕР

СОТ АШЫҚ ДИАЛОГҚА ҚАШАН ДА ДАЙЫН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жоғарыда аталған «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңның 2-бабында сөз, шығармашылық бостандығына, өз көзқарастары мен сенімдерін баспа арқылы және өзге де нысанда білдіруге, ақпараттарды заңда тыйым салынбаған кез келген әдіспен алуға және таратуға Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілгені көзделген.

Ары қарай осы заң мемлекеттік құпияны немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге, экстремизм немесе терроризмді насихаттауға және ақтауға, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты таратуға, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды, сондай-ақ, қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа бас ұруды және порнографияны насихаттауға жол берілмейтінін, бұқаралық ақпарат құралын қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау мақсатында пайдалануға жол берілмейтінін көрсеткен.

Конституцияда көзделген сөз еркіндігін желеу етіп кейбір азаматтардың, адвокаттардың, сотқа қатысушы жақтардың БАҚ арқылы қоғамдық пікірді теріс жаққа бұрмалауға жол беріп, өз мүддесіне пайдалануға тырысатынын қазіргі уақытта жиі кездестіріп жүрміз. Мұндай жағдайларда ақпаратқа қатысы бар соттың баспасөз бөлімі жедел түрде тексеріс жасап, БАҚ-қа шынайы мәліметті жариялап, жалған деректі теріске шығарады.

Әрине, сот қызметкерлері мен судьялар тарапынан жіберілетін қателіктер туралы да ақпараттар жарияланып жатады. Мұндай ақпараттар жіберілген қателіктерді уақытында түзетіп, кінәлі адамдарға тиісті шара қолдануға, келешекте осы тәріздес қателіктерге жол берілмеуіне көп көмегін тигізеді. Сөйтсе де, мұндай ақпараттардың көпшілігі апелляция-

Конституцияда көзделген сөз еркіндігін желеу етіп кейбір азаматтардың, адвокаттардың, сотқа қатысушы жақтардың БАҚ арқылы қоғамдық пікірді теріс жаққа бұрмалауға жол беріп, өз мүддесіне пайдалануға тырысатынын қазіргі уақытта жиі кездестіріп жүрміз. Мұндай жағдайларда ақпаратқа қатысы бар соттың баспасөз бөлімі жедел түрде тексеріс жасап, БАҚ-қа шынайы мәліметті жариялап, жалған деректі теріске шығарады.

лық немесе кассациялық шағымдарда көрсетілуге тиісті дәйектер болып табылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қазақстан Республикасының сот билігі туралы заңдарды қолданудың кейбір мәселелері туралы» 1998 жылғы 14 мамырдағы нормативтік қаулысының 7-тармағына сәйкес, сот шешімін бұрмалауға, кір келтіруге, оның орындалуына кедергі жасауға ешкімнің қақысы жоқ. Сот шешіміне келіспеушілік білдіру, оны жоғары тұрған сотқа шағымдану (наразылық білдіру) тек заңмен белгіленген тәртіп бойынша жүргізілуі тиіс. Сондықтан оларды БАҚ құралдарында жариялау дұрыс емес, процессуалдық тәртіппен соттың сатыларында дәлелдеу қажет.

Судьялардың әрекеті туралы жарияланған көптеген ақпараттар соттың тарапынан тексерусіз қалмайды, расталған жағдайда судья жазаланып та жатады. Алайда олардың кейбірі монтажданып жасалған бейнежазба, шындыққа жатпайтын ақпарат болып шығатынын да ұмытпауымыз керек. Бұл тұрғыда облыстық соттардың жанында судья әдебин қа-

райтын комиссиялардың бар екенін, Жоғарғы Сотта сот юриі жұмыс жасайтынын ескеріп, ақпаратты аталған құрылымдарға жіберу дұрыс деп ойлаймын. Мұнда түскен бір де бір ақпарат тексерусіз, ал бір де бір кінәлі судья жазасыз қалмайды.

Сондай-ақ, сотқа БАҚ-тан көптеген жазбаша сұранымдар – сотталушыларға жеке деректер беру, сот процесін жүргізуші судьядан сұхбат алу, қоғамдық резонанс тудырған істер бойынша түсіндірме беру, сот тақырыбына жүргізілетін бағдарламаларға судьяның қатысуы, тіпті камақта отырған сотталушыдан сұхбат алу туралы ұсыныс, тілектер, өтініштер келіп түседі. Сұранымдардың барлығына «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңның 18-бабында көзделген мерзімдерде қанағаттандыру туралы жауаптар жіберіледі. Егер сұранымда көзделген әрекеттер заңға қайшы келген жағдайда, сұранымдар қанағаттандырылмайды және себебі заңмен негізделген жауап қайтарылады.

Әсіресе, БАҚ өкілдері ақпараттық бақталастықтың нәтижесінде бірінші болып ақпарат беру үшін, сотқа қатысушы тұлғаларды әдейі сөзге тартып, заңды күшіне енген сот шешімдері туралы алдын ала жарияланымдар

жасап, талқылауға салып, қоғамдық пікірлер тудырады. Мұндай ақпараттар мен жарияланымдар Жоғарғы Соттың «Қазақстан Республикасының сот билігі туралы заңдарды қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес сот шешіміне ықпал ету болып табылады. Кейбір жағдайларда мұндай ақпарат авторлары белгілі бір жауапкершілікке тартылуы мүмкін екендігін ескеру қажет.

БАҚ-та жарияланған ақпараттың ақиқаты да, ақиқат емесі де қоғамда өзіндік бір із қалдырады, сот жүйесі туралы жағымды немесе жағымсыз пікір тудырады. Олардың жариялану себебі де сонда, яғни біреудің мақсаты соттың беделін түсіру, сотқа деген теріс пікір қалыптастыру, ал керісінше кейбір ақпараттың мақсаты – сот туралы жағымды пікір беріп, беделін көтеру. Ал сот жүйесінің осы бағыттағы жұмысы барлық ақпараттарды талдап, оларға баға беріп, соттың ашықтығын қамтамасыз ету, соттың беделіне кір келтіретін жайттар бойынша дер кезінде шаралар қолдану арқылы қоғамда сотқа сенім тудыруға бағытталады.

МИНДЕТ

Қазақстанда жыл өткен сайын ажырасушылар қатары көбеюде. Оны тұрмыстың нашарлығымен, ерлі-зайыптылардың мінезінің жараспауымен, жұмыссыздықпен, ата-ананың теріс ықпалымен байланыстырып жатады. Шындығында мұндағы ең басты себеп отбасылық құндылықтың әлсіреп, ұлттық тәрбиенің ұмыт болуымен тамырлас.

Өйткені, отбасында мейірім мен шапағатты, жауаптылық пен адалдықты көріп, көңіліне түйіп өскен ұрпақ өзі шаңырақ құрғанда да сол әдемі сыйластықты жалғастыруды қалайды. Қанша қиын болса да еңбектенеді, жақындары үшін жанын салып табыс табады, балаларын ештеңеден қыжалат етпеуге тырысады. Отбасын басты орынға қоятын мұндай адамдардың жұбайының жүріс-тұрысын аңдып, көңіліне қаяу түсіруге уақыты болмайды. Ұл-қызын ешкімнен кем қылғысы келмегендер ішімдік ішіп, құмар ойындарға қызығып, нашаға елітпейді. Сондықтан балалардың ата-аналарын теңдей көріп, теңдей құрмет көрсетіні тағы түсінікті. Жарасымды отбасының тірлігіне туыстары да тұмсығын сұқпайды. Яғни, ажырасуға сылтау іздеудің ар жағында отбасы тәрбиесіндегі оқиқылықтар жатыр.

Өкініштісі сол, үлкендердің қатесінен балалар зардап шегеді. Ажырасу – бала психологиясына ауыр соққы. Өйткені, балалар үшін анасы қандай қымбат болса, әкесі де сондай жақын, аяулы. Бізде ажырасқаннан кейін бала алдындағы парызын түсініп, алиментін уақытында төлеп тұратын әкелер өте сирек кездеседі. Көбінесе ерлі-зайыптылар бір-бірін көрместей болып кетіседі де, соның салдарынан ер азаматтар алиментті әдейі кешіктіріп, шынайы айлығын, табысын жасырып, мекенжайын көрсетпей қашып жүруді әдетке айналдырады. Бұрынғы ерлі-зайыптылар балалар үшін сыйластықты сақтау, бала болашағына бірігіп атсалысу дегенін маңызды түсінігі келмейді. Соның салдарынан жалғыздікті аналардың балаға тиесілі алиментті өндіру үшін сотқа жүгінуіне тура келеді. Ал сот шешімін шығарғаннан кейін алиментті өндіру бойынша атқару құжаты жеке сот орындаушыларға жүктеледі. Бүгінде жеке сот орындау-

АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ – ПАРЫЗ



Дамир ШАХАНОВ,
Алматы облыстық атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы

шылар балаларға тиесілі қаржыны дер кезінде өндіру үшін тыңғылықты жұмыстар жүргізіп келеді.

Жеке сот орындаушылар институты өзін-өзі ақтаған жаңашылдықтың бірі. Бұл институт «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарының 27-қадамын орындау мақсатында қолға алынған болатын. Онда «Жекеменшік сот орындаушылар институтын одан әрі дамыту, сот орындаушыларының мемлекеттік қызметін біртіндеп қысқарту» міндеті жүктелген еді. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының бірқатар заңдарына өзгертулер енгізіліп, өзгерістер жеке сот орындаушылар орындайтын бірқатар атқарушылық құжаттар санаттарын

кеңейтті. Атап айтқанда, тұрғын үйден шығару, тұрғын үйге кіргізу, құрылысты бұзу, жер телімдерін мемлекет мүддесіне алып қою, алимент және еңбекақы өндіру жеке сот орындаушыларының құзырына берілді. Заңға енгізіл-

ген өзгерістерге сәйкес, атқарушылық құжаттардың басым бөлігі жеке сот орындаушыларына берілгеннен кейін жұмыс сапасы анағұрлым жақсарды.

Жеке сот орындаушылар өндірісіндегі атқарушылық істердің басым бөлігін алимент құрайды. Алимент балаларға ай сайын ата-анасының еңбекақысынан немесе өзге табысынан заңмен белгіленген мөлшерде төленуі тиіс. Атап айтқанда, 1 балаға – әкесінің табысының төрттен бір бөлігі, 2 балаға – үштен бір бөлігі, 3 және одан да көп балаларға – табысының тең жартысы төленеді. Жұмыс істемейтін борышкердің төлеуге міндетті алимент мөлшері еліміздегі орташа жалақы мөлшерімен есептеледі.

Борышкерден алимент өндіру оңай іс емес. Жұмысы, тұрғылықты мекенжайы, басында жылжитын, жылжымайтын мүлкі бар азаматтардан берешекті өндіру көп қиындық тудырмайды. Жалақы алатын қарточкасын бұғаттап, көлігін айыптыраққа қойғанда, шетелге шығуына шектеу қойғанда кейбір әкелер жанұшырып берешегін беріп жатады. Ал не тұрақты жұмысы, не табысы жоқ, үйі мен мүлкін туыстарының атына тіркегіп тастаған борышкерлерге заң шеңберінде жаза қолданғаннан басқа шара жоқ.

Көпшілігі әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 2 және 5 тәулікке қамауға алынғанда, әкімшілік айыппұл салынғанда ғана қарызын есіне алады. Баласы қиналған кезде басынан спинамаса да, алиментін уақытында төлеп, материалдық қолдау көрсетуі керектігін осындай әкелер неге түсінбейді?!

АКЦИЯ

«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» ЕЛГЕ ЖОЛ ТАРТТЫ



16 қыркүйек күні жергілікті уақытпен сағат 16:00-де Қазақстанның барлық ірі қалаларында «Халық заңгері» жалпыреспубликалық акциясы басталады. Акцияның мақсаты – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және тегін заң көмегін көрсету. Осы күні кез келген азамат еліміздің заң қоғамдастығындағы ең үздік

өкілдерден тегін, қажетті кеңес ала алады. Олардың арасында белгілі адвокаттар, нотариустар, прокурорлар, тергеушілер, сот орындаушылары, мемлекеттік органдардың басшылары және т. б. бар.

Акцияны ұйымдастырушылар ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, zakon.kz желілік басылымы, «Параграф» ақпараттық жүйесі, мемлекеттік билік органдары және Қазақстанның үздік заңгерлері мен адвокаттары.

«Халық заңгері» акциясын өткізу дәстүрге айналды және шараға қарапайым қазақстандықтар алғысын білдірде. 2016–2019 жылдар аралығында акцияға 7000-нан астам үздік сарапшы

мен мемлекеттік органдардың шешім қабылдай алатын құзыретке не өкілдері қатысты. Құқықтық көмекке жүгінген 100 000-нан астам азамат кеңес алды.

Карантиндік шектеулер енгізілген кезеңде «Халық заңгері» шарасын өткізу тоқтатылды. 2022 жылы санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың қалыптасуына байланысты осы әлеуметтік маңызы бар іс-шараны қайта бастау туралы шешім қабылданып отыр. Акция форматының Қазақстанда ғана емес, аумағы мен қамтыған географиясы бойынша әлемде теңдесі жоқ.

Петропавл қаласы, Жұмабаев көшесі, 91, Достық Молл сауда үйі

ШАРА

ЕРІКТІЛЕР ӘУЛИЕКӨЛДЕ

Әуликөл ауданында «AMANAT» партиясы «Жастар Рухы» жастар қанатының волонтері жұмыс істеп жатыр. Еріктілер Қостанай облысында орман өртінен зардап шеккен және эвакуацияланған тұрғындарға көмек көрсетуде.

«Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Нұржан Жетпісбаев атап өткендей, Әуликөл ауданына еліміздің түкпір-түкпірінен 300-ден астам ерікті келді.

– Волонтерлеріміз гуманитарлық көмекті қоймаларға жайғастырды. Азық-түлік пен қажетті заттарды тұрғындардың үйлеріне жеткізіп беруде. Зардап шеккендер мен эвакуацияланғандарға жылы сөзімізді айтып, моральдық қолдау көрсету де маңызды. Бұл – біздің шынайы жанашырлығымызды білдіру ғана емес, оларға қиын сәтте күш-жігер беру. Сонымен қатар, жастар қалпына келтіру жұмыстарына, өртен кейінгі үйінділерді сұрыптауға, аумақты тазалауға жұмылдырылған. Мұнымен қоса, біз өртен зардап шекпеген, бірақ қолдауды қажет ететін көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға да азық-түлік таратамыз, – деді Н.Жетпісбаев.

Сондай-ақ, ол қазір тұрмыстық техника мен құрылыс материалдары көбірек келіп жатқанын айтты.

Еріктілердің бірі Райымбек Бақытжанов Қостанай облысына елордадан келді. Ол апат туралы есті сала бірден ерікті ретінде баруға шешім қабылдағанын айтты.

«Жүк тиелген көліктер сағат сайын келіп жатқандықтан, ұйықтамай, демалмай жұмыс істеуге тура келеді. Бірақ ерікті болудың басты қасиеті де осы. Себебі, біз адамдарға

«AMANAT» партиясының баспасөз қызметі
Суретті түсірген Мейірбек ТАЖҚҰРАНОВ



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТІЛ САЯСАТЫНДАҒЫ ТАЛАП ОРТАҚ БОЛУЫ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Биыл қайраткердің 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде тойланып жатыр. Яғни, қоғам және мемлекет қайраткері, қазақ тілі білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы Ахмет Байтұрсынұнов есімі әлем деңгейінде ұлықталды. Осынау тарихи сәт биыл Қазақстан халықтары тілдері күні мерекесімен тұспа-тұс келіпті. Мұның ерекше символикалық мәні бар. Себебі, Ахмет Байтұрсынұновтың қызмет жолы осы адамзаттың рухани казынасы – тілдің өрісін кеңейтіп, мәртебесін арттырумен тікелей байланысты. Ол өзінің саналы ғұмырында төл тіліміздің тынысын ашып, қолданысын кеңейтуге азамат ретіндегі ұстанымын, ғалым ретіндегі ізденісін, қайраткер ретіндегі күресін арнап өтті.

Ұлы тұлғаның мерейтойы мен тілдер күні тоғысқан осынау сәтті Нұр-Сұлтан қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы ұтымды пайдаланды. Бұл күні құзырлы мекеме өзінің рейдтерінің бірін елордамызда Ахмет Байтұрсынұлы көшесі бойында орналасқан мемлекеттік мекемелер мен заңды тұлғалар арасында жүргізді. Оған халықаралық «Қазақ тілі» аясында жүзеге асып жатқан «Көрнекілік» жобасына қатысушылар, бұқаралық ақпарат өкілдері, қала белсенділері қатысты.

Рейд кезінде сыртқы жарнамалар және көрнекі ақпараттарды жазып, орналастыруда «Тіл туралы» заңда айқындалған талаптардың орындалу деңгейін тексеріп, анықтау, мониторинг жүргізу мақсат етілді. Шара барысында осы және жуырда өзгерістер енгізілген «Жарнама туралы», «Тұтынушының құқықтары туралы» заңдар талаптарының сақтала бермейтіні байқалды. Мұның сыртында қалай болса солай жазылған жарнама, көрнекі ақпарат мәтіндері кездесті, Атап айтқанда, стилистикалық, орфографиялық, фонетикалық, грамматикалық қателер, тілдік нормалардың сақталмауы рейд барысында жиі көзге түсті.

Жалпы жарнама, көрнекі ақпараттың берілуінде бірізділік жоқ. Олардың бірі латын қарпімен жазылса, енді бірі кириллицамен берілген. Кейбір көрнекі ақпараттардың аудармалары дұрыс

емес. Мысалы, «гелиевые шары» деген тіркесті қазақ тілінде «гелий шарлары» деп тәржімалай салған. Ең өкініштісі, бірқатар кәсіпкерлік нысандар атаулары тек қана орыс тілінде жазылыпты. Екі тілде берілгендері де тиісті заңнама талаптарына сай емес. Атаулардың қазақ тіліндегі нұсқасы көптеген нысандар маңдайшаларында, сыртқы жарнамаларында, көрнекі ақпараттарында орыс тілінен кейін жазылған немесе қазақша нұсқасының өзінде жарғылай орыс тілінде берілген. Заңды тұлғаларға, мекеме басшыларына Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» заңының 21-бабында айқындалған талаптарға орай бұл жағдайлардың ережеге сай емес екені түсіндіріліп, атаулар мен жарнамаларды жазудың тәртібі жайлы кеңес берілді. Қуаныштысы, сол сын иелері бұл ескертпелерді түсіністікпен қабылдап, олқылықтарды түзеуге құлшыныс білдірді. Бұл тіл тазалығын сақтау, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру жолында осындай жұмыстардың қажеттігін көрсетті. Сондықтан, алдағы уақытта да мұндай шаралар жалғасын таба берсе құба-құп.

Жалпы, бұған дейінгі жүргізілген рейдтерден байқағанымыздай, осындай заңсыздықтар қала көшелерінің атауларында, сыртқы жарнама мәтіндері мен көрнекі ақпараттарда жиі кездеседі. Бұларды тіл тазалығын сақтау және мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтіп, мәртебесін көтеру барысында жүргізілетін шараларда алдан шығатын негізгі кедергілер десе де болады. Біздіңше, олқылықтардың орын алуына бірден-бір себепкер, біріншіден, тілдерді дамыту ұйымдарында бақылау құзыретінің болмауы. Өкінішке орай, тиісті заңнамаға сай бұл мекемелер тек қана кеңес беріп, түсіндіре алады. Егер заңды тұлғалар жарнаманы айтпалық ағылшын тілінде беріп, бұл қажеттіліктен туып отырған шара десе, оларға еш талап қоя алмайды. Бұл ереже елордада жұмыс істеп жатқан немесе қонаққа келіп жатқан шетелдіктердің мүддесіне сай қабылданған болса керек. Қонағын құдайдай сыйлайтын қазақпыз ғой. Десе де, дәл осы тілдік мәселеде осындай пейіл таныту артық сияқты. Өйткені, шетелдіктерге аударма қызметі бар.

Екінші мәселе, заңды тұлғалар үшін

кәсіпкерлік нысандарын тіркеп, жазуда ортақ талаптың жоқтығы. Әлі күнге дейін осындай бір жүйелі шараның нәтижесінде қабылданбай келе жатқаны түсініксіз. Осының салдарынан біздегі заңды тұлғалар мүлде басқа мемлекетте өмір сүріп жатқандай әсер қалдырады. Олар кәсіпкерлік нысандарына ешбір өкілетті ұйыммен келіспей өздері таңдаған атауды қоя салады. Көрнекі ақпараттарды, жарнаманы да қалаған тілдерінде береді. Мұны бақылап, қадағалауға алу құзыреті бар сәулет ұйымдарының қайда қарап отырғанын ұғу қиын. Әлде олардың өздері мұндай құқықтары барын білмей, сезінбей ме немесе бұл міндет өзінің шынайы өз иесін таппай отыр ма? Қалай десек те осы мәселенің ақ-қарасын анықтап, тиімді шешімге келу қажет-ақ. Бұл мәселеге орай халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының менгерушісі Болат Жексенғалиевтің пікірін сұрағанда, ол өз ойын былайша білдірген еді:

– Мұның бәрі жалпы заң талаптары, соның ішінде «Тіл туралы», «Жарнама туралы» заңдар өлшемдерінің дұрыс түсіндірілмейтінін, нақты кеңес беру шараларының жүргізілмейтінін көрсетеді. «Көрнекі» жобасы аясында осы бағыттағы жұмыстар қолға алыну керек. Менің иелерінің қатысуымен арнайы семинар өткізу, қазақ тілінің мәртебесін көтеруде менің иелері жарнама мен көрнекі ақпараттың тілдік нормаға сәйкес жүзеге асыратын болса, бұл да олардың тіл саясатына қосқан үлесі болатындығын ұғындыру қажет. Рейд барысында заңды тұлғалар қателіктерді түзейміз, немесе жұмысты бастаймыз деп үде беріп жатты. Дегенмен, қала әкімдігі мен қоғамдық ұйымдар тарапынан осы бағытта атқарылып жатқан жұмысқа заңның орындалуын қадағалайтын құзырлы ұйымдар да араласуы қажет. Өйткені, заң талаптары баршамызға ортақ. Бұл жұмыстар болашақта да жалғасын таппа деген тілегіміз бар. Сонымен қатар, тіл үшін жауапкершілік әрбір азаматтың парызына айналғанына қол жеткізу мақсатында идеологиялық жұмыстар қолға алыну керек деп ойлаймын.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

Елде орын алып жатқан соңғы кездердегі өрт мәселелері біраз түйткілдің шетін шығарды. Өңірлердегі орманшылар санының аздығы, олардың жалақыларының төмендігі, өрт сөндіру техникаларының жетіспеушілігі, орман тазалығы мен оны бақылау мекемелерінің еш заңдық құзыретінің жоқтығы, орман шаруашылығы мен өрт қауіпсіздігіне қатысты маусымдық жұмыстардың жүргізілмеуі – саладағы сансыз мәселелерді қылтитты. Бұл тек өрт орын алған аймақтардағы машақаттар емес, республика көлеміндегі жедел шешілуі тиіс шаралар екені де дәлелденді.

ӨРТ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БЕТІН АШТЫ



Қазақстан әлем алдында жер көлемінің көптігімен, сұлу да тұмса табиғатымен мақтанады. Туризм бағытын осы басымдықтар арқылы алдыңғы қатарға шығаруға да ниетті. Бірақ, бүгінгідей дәременсіз ахуал, шарасыз әрекеттері арқылы жабайы табиғаттың жағдайын жасап, сәні мен салтанатын кіргізе ала ма?

Бұған дейін орман шаруашылықтары ҚР Ауыл шаруашылығының қарамағында болып, тек соңғы жылдары ғана жергілікті әкімдіктердің қарамағына өтіпті. Бүгін орман шаруашылығының мамандары тарапынан осы шешімнің дұрыс болмағаны айтып жатқандар бар. Мәселен, infozangazet.kz сайтына берген пікірінде экомелсенді Сәкен Ділдахмет орман шаруашылықтарын министрлікке қайтару керектігін айтады.

«Сол кезде министрлердің тарапынан шешім қабылданып, 120 орман шаруашылық мекемесі облыстық әкімдіктердің балансына берілген болатын. Оның қаншалықты қате шешім болғанын тек бүгінгі орман өрттері, орман отырғызумен білуге болады. Экология министрлігінің мәліметінше, көптеген орман өрттері әкімдіктерге қарасты шаруашылықтарда болады. Әкімдіктер өрт сөндіруде өте үлкен қиындықтарға тап болып жатады. Біріншіден, материалдық-техникалық база ескірген, жаңа техникалар жоқ. Екіншіден, маман жоқ. Орман шаруашылығы мамандарының айлығы өте аз, әлеуметтік қолдаулар мүлдем жоқ. Үшіншіден, орман шаруашылықтарының орман отырғызу мәселесінде өз қиындықтары бар», – дейді.

Сарапшы пікірінше, орман шаруашылықтар облыс әкімдіктеріне өткен 20 жылдың ішінде жақсы көрсеткішке қол жеткізген жоқ. Керісінше, еліміздің әрбір облыстарындағы орман қорын басқарып отырған шаруашылықтар әкімдіктердің балансына өтіп, тоналып кеткен.

«Орман шаруашылықтары өз қызметін атқара алмай отыр. Сондықтан бұл мәселені қайта қарастырып, Экология министрлігіне қайтаруды бастама ретінде көтеру керек. Кезінде 2017–2018 жылдары Ауыл шаруашылығы министрі болған Асқар Мырзахметов осыны көтерген. Бірақ іс соңына дейін жетпеді, себебі министр басқа қызметке ауысып кетті» – дейді тағы бір тұста. Сәкен Ділдахмет орман шаруашылықтарын қаржыландырудағы проблемаларды да жан жақты таратады.

Оған мына пікірі дәлел. «Облыс әкімдіктері орман шаруашылықтарына өгей балалары сияқты қарайды. Бірінші кезекте әлеуметтік мәселелер, мектеп, жол, қала құрылысы деп келіп, ең соңында орман шаруашылығына аз ғана қаражат бөледі. Бұл дұрыс емес. Соның салдарынан орман шаруашылығы артта қалып жатыр. Еліміздің жалпы аумағының 4 пайызын орман алқаптары құрайды. Қазақстан үшін бұл өте аз көрсеткіш. Оның жартысынан көбі сексендік орман алқаптары. Қостанайдағы қарағаш сияқты ағаштардың үлесі елде тіпті аз. Бізде Ресей, Аустралия, Финляндия мен Амазониядағыдай орман жоқ. Бар орманымызды реттеп, бақшада қызанақты қалай егеміз, солай қарап отыратын жағдайымыз бар. Сондықтан, меніңше, осы салада көптеген жұмыс істелуі керек».

Белсенді орманшылардың жалақысы мен шаруашылықтардың материалдық техникалық жағдайына назар аударылуы тиіс екендігін алға тартады. Мәселен, қазір Қостанай облысына көмекке жиналған қаржыға жаңа техника алып берілсе дейді.

«Қазақстанда мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақысы аз дейді. Негізі олардың жалақысы аз емес, жалақыны ең аз алатын – орманшылар. Орманшылардың ең төмен айлығы 35-45 мың теңгеге дейін барады. Олар орман өртімен, браконьермен, тіпті жабайы жануарлармен де алысады. Елдің тынысы саналатын орманды сақтауда өте көп жұмыс істейді. Қазір Қостанайдағы жағдайға байланысты әлеуметтік көмек көрсетіліп, үй салуға талай қорлар құрылып жатыр. Меніңше, осы жұмыстың аясында ең басуы нәрсе ұмытылып бара жатыр, ол – табиғатты қалыпқа келтіру. Көмек деп жиналған ақшадан орманды қалыпқа келтіруге бағыттау керек. Не Үкіметтен, не әкімдіктен техникалық қамтамасыз ету мәселесі шешілмей тұр ғой. Қорға түскен қаражатқа орман шаруашылығына техника алып беру керек» – дейді ол.

Шындығында, орман шаруашылығы мен табиғат, мемлекеттік қорықтарды қорғау, оларды айырықша қамқорлыққа алу кезек күттірмейтін мәселе. Қазақстанның қай өңіріндегі көрікті мекендерге жол түссе қараусыз қалған табиғатты қорлаған, ластанған жағдайларға кезігесіз. Қала маңындағы Есік көлі, Марал сай, Талғар шатқалдарын араласаныз жетіп жатыр. Қоқыстан көз сүрінеді. Сынған әйнек бөтелкелер мен пласмасса бөтелке, тамақ қалдықтары мен сасыған салафан пакеттер көңіліңді түсіреді. Ессесіне сол «ерекше қамқорлықта» делінетін табиғи қорықтардың кіре берісіндегі экопосттардың міндетті төлем есебіндегі ақшаны жинауға деген шабыты айрықша. Мұндай келенсіздіктер бізде тек трагедиялар аясында ғана ашылып, айтылатыны өкінішті. Себебімен емес салдарымен ғана күресудің уақыты өтті. ҚР Үкіметіне табиғатты қорғауға арналған кешенді, шынайы бағдарламаларды қарастыру маңызды.

Мақпал ҚҰДАЙБЕРГЕН

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

БАСПАНА БАҒАСЫ ШАРЫҚТАП БАРАДЫ

ҚР Статистика агенттігі 2022 жылғы тұрғын үй сатып алу мен жалға алу бағасына мониторинг жасапты. Сараптама бойынша бұл мәселеде былтырғы жылмен салыстырғанда жоғары көрсеткіш байқалады.

Жалпы, Қазақстанда соңғы жылдары тұрғын үйлерді сату бағасының нарыққа сай емес өскені көпшілікке мәлім. Оны экономист мамандар да сан мәрте айтып, ауқымды мәселе ретінде көтеріп жүр. Әлемде соңғы жылдары орын алған пандемиялық ахуал, әлемдік кризис, әртүрлі экономикалық дағдарыстар, геосаяси жағдайлар, елдегі саяси, әлеуметтік, экономикалық өзгерістер қарапайым қазақстандықтардың экономикалық, әлеуметтік жағдайына қатты әсер етті. ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың елге зейнетақы қорларындағы шекті мөлшерден (сол кездегі есеп бойынша) артық ақшаларын баспана, денсаулық жағдайларын жақсартуына қатысты пайдалануға рұқсат беруі біраз адамға шындығында тұрмыстық қолдау болса, енді бір жағы жалпы нарықтағы баға саясатына кері әсер етті. Баспана, көлік басқа да сауда салаларындағы баға көрсеткішінің әлденеше пайызға артуы халықтың қалтасын одан ары қақты. Статистика агенттігі тұрғын үй саудасы мен оны жалға беру бағасының 2021 жылғы шілде мен 2022 жылғы шілде аралығындағы пайыздық өлшемін былай көрсетеді. Мәселен, жаңа салынған үйлерді сату бағасы осы бір жылдың ішінде 19.6 пайызға өссе, қайталама нарықтағы пәтерлердің сату бағасы 26.4 пайызға бір-ақ көтерілген. Оның ішінде Ақтөбе облысында тұрғын үйлер бағасы 32.5 пайызға, Нұр-Сұлтанда 27.6, Өскеменде 26.1 пайызға көтеріліпті. Ал,

қайталама нарық бойынша 44 пайызбен Қызылорда көш бастап тұр. Өскемен 43.7, Талдықорған 43.4, Нұр-Сұлтан 41.3 пайызды көрсеткен.

Тұрғын үйлерді жалға алу мәселесінде де өсім байқалады. Бұл көрсеткіш 20.3-ті көрсетеді. Пәтер жалдаушылардың мәселесі жеке тақырыпқа жүк. Әлеуметтік желілер мен жеке чаттарда пәтер іздеп жүрген студенттердің далада, метрода түнеп жүргендері жайлы бейнеқорсетілімдер мен сұхбаттары да шығып жатыр. Бұдан бөлек, жалдау бағасының құны бірнеше еселеніп кеткенін арнайы сату сайттарынан да салыстыруға болады.

Баспана бағасының шарықтап бастаған тұсында ел Президенті «Жылжымайтын мүлік нарығында бағаны ұстап тұру үшін қажет шаралар қабылдау керек. Жылжымайтын мүлік бағасы өсіп жатқаны туралы барлық жерде жазып жатыр. Мемлекеттік органдар халық пен құрылыс компанияларына түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, нарықтағы алыпсатар операцияларды тоқтатуы керек, – деп үкімет отырысында тиісті мекемелерге тапсырма да берген. Алайда, бүгінгі бағамға қарай отырып, ол тапсырманың аяқсыз қалғанын көресіз. Қалай десек те, баспана сату мен жалға беру бағасындағы бір арақашықтықты анықтайтын арнайы бағыт керек шығар. Мүмкін құрылыс компанияларының бағаны көтеру мүмкіндігін шектейтін шаралар қабылдаған дұрыс. Мемлекет осы саладағы жеке секторлармен келісімшарттар жасап, арнайы баспана бағасын ұстап, нарыққа жұрттың сатып алуға шама-сы жететін бағадағы пәтер ұсынуды тапсыру қажет.

Ж.ҚҰРМАНБАЙ

ПӘРМЕН

Бүгінгі таңда отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқық бұзушылықтың алдын алу маңызды мәселе болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Бірақ, қалай десек те, отбасылық зорлық-зомбылыққа көз жұма қарауға болмайды. Отбасында ойран салатындар жазаға тартылмаса, олар одан бетер басынып кетеді. Ал, жапа шеккендер мүлдем қорғаусыз қалады. Мұндай әрекеттер үшін жазаны күшейтетін кез келді деп санаймын» деген болатын.

ОТБАСЫН ОЙЛАҒАНДАР
ОЗЫРЛЫҚҚА ШЫДАЙДЫ

Тәрбие тал бесіктен басталады десек, отбасындағы ұрпақ тәрбиесі еш уақытта қоғамды бей-жай қалдырған емес. Бүгінде барша әлем елдерінде белең алған тұрмыстық заң бұзушылық біздің елімізде де өзекті мәселелердің бірі. Зерттеулер бойынша оның басты себебі – маскүнемдік, жұмыссыздық, соған байланысты тұрмыс жағдайының ауырлығы сияқты әлеуметтік жайлар. Тұрмыста жапа шегетіндер негізінен әйел адамдар. Ал, біздің мемлекетіміз үшін әйел-ананы қорғау ерекше маңызды.

Отбасы мүшесінің заңды құқықтары мен бостандықтарына қысым көрсететін, оның тәнін немесе жан дүниесін кинап, моральдық зиян келтіретін отбасының бір мүшесінің екінші мүшесіне кез келген қасақана іс-әрекеті отбасындағы зорлық-зомбылық болып танылады. Өкінішке орай, қазіргі уақытта қоғамның қарыштап дамуына қарамастан әйелдерге қатысты отбасылық зорлық-зомбылық әрекеттер тыйылар емес. Оған айғақ отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастағы әйелдерге сыйлаушылық көрсетіп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту және жеке тұрғын үй немесе пәтер шегінде жасалған олардың тыныштығын бұзатын басқа да әрекеттерге қатысты істер санының азаймауы.

Жаратылысынан жүрегі кең қазақ әйелі төзімділігімен ерекшеленеді. Өзі қандай қиыншылыққа тап болса да, қанша қысым, моральдық зардап шексе де кешіріммен қарайды, отбасының бірлігін ойлайды. Көп жағдайларда қазақ әйеліне тән бұл қасиет оның отбасындағы қорлық

пен кемсітушілікті сыртқа шығаруына да жол бермейді. «Бас сынса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде» қалады. Осыны пайдаланған кейбір пасық жандар отбасындағы теріс іс-әрекеттерін жалғастырып келеді.

Отбасының берекетін қашыру балаларға да әсер етеді. Үнемі болатын ұрыс-керістер, кикілжіңдер баланың психикасына зиянын тигізеді. Жасық немесе ашуланшақ болып өсуі мүмкін. Балаларының алдында жұбайына қол жұмсауды ерлік санайтын, аузына келгенді айтудан тайынбайтын әкеден ұрпағы қандай үлгі алмақ?! Ондайларға сот қаулысымен «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заңын басшылыққа алып құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленіп, олармен профилактикалық жұмыстар жүргізіледі.

Қазақстан – зайырлы мемлекет, сондықтан азаматтарымыз ар-ождан бостандығымен қамтамасыз етілуі тиіс. Отбасы мүшесіне қасақана жеңіл зиян келтіргендер, ұрып-соққандар, отбасы қатынасындағы адамдарға сыйлаушылық көрсеткендер, сонымен қатар былапыт сөйлеп, қорлап тиіскендер Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексында көзделген жазаға сай әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Г. САРСЕНБАЕВА,
Ақтөбе облысының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының
бас маманы

ТҮЙТКІЛ

АЖЫРАСУҒА НИЕТТІЛЕР
АЗАЯР ЕМЕС

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекс бойынша «неке (ерлі-зайыптылық)» ұғымы – ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді туғызатын, отбасын құру мақсатында ҚР заңында белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімімен жасалған еркек пен әйел арасындағы тең құқықты одақ.



«Отан отбасынан басталады», – демекші, әр шаңырақтың беріктігі мемлекет үшін маңызды. Дегенмен, соттағы неке бұзу туралы арыздар азаятын емес. Осы аудандық соттың бір ғана статистикасына келсек, 2021 жылы некені бұзу туралы 136 талап арыз түсіп, оның 67-сі қанағаттандырылып, неке бұзылды.

Осы жылдың басында соттың өндірісіне 94 неке бұзу туралы талап арыз түсіп үлгерген екен. «Үйлену – оңай, үй болу – қиын», – екенін сезінген жұбайлар үшін қазіргі таңда ажырасу да оңай болып кеткен сияқты. Ыстық сезіммен, ата-аналардың батасымен қосылған екі жас араларында кішкентай ғана кикілжің шықса, сотқа келіп, ерлі-зайыптыларға қатысты: некені бұзу, баланы 18 жасқа толғанша асырап бағу үшін алимент өндіру, баланы 3 жасқа толғанша асырап бағу үшін алимент өндіру туралы арыздардың үлгісін алып, сөзбе-сөз, нүктесіне дейін көшіріп алып, сотқа арыз тапсырады. Іле-шала сотқа қоңырау соғып, «автоматты түрде ажырастырма ма?» деп те сұрап жатады.

«Ұрды-соқты, ішімдік ішеді, жұмыс жасамайды, ата-енем тиіседі, мінезіміз жараспады...» дегенді желеу еткендер көп. Әрқайсысы өз қамын ойлайды, қарсы жақ ерегеседі. Баланың психологиясын, отбасының берекесін ойлап жатқан ешкім жоқ. Отбасылық құндылық жоғалып, құрдымға кетіп бара жатқандай.

Отбасын сақтау қазіргі таңда өзекті, дабыл қағатын мәселе болып тұр. Сот жүйесінде де бұл бағытта көптеген іс-шаралар жасалуда. Заңнамаға татулау рәсімдері енгізіліп, сотқа дейін де, сотта да тараптарды татуластыруды реттеу қолға алынған.

Занда татуласудың үш әдісі көзделген: өзара, медиатор араласуымен, адвокат көмегімен. Бұл жағдайға баға беріп, әлі де ойланып, салмақты шешім қабылдау үшін заң беріп отырған тағы бір мүмкіндік. Сонымен қатар, уақыт үнемделеді. Егер тараптар татуластыру рәсіміне келіссе, онда істі әрі кетсе 5 күнде аяқтауға болады. Мұндай келісім болмаса, сот ұзақ уақытқа созылуы мүмкін, тіпті 9 айға дейін. Оған қоса, ақша да үнемделеді. Сотқа талап арыз бергенде төленген мемлекеттік баж соттың ұйғарымымен кері қайтарылады.

Айта кететін жайт, заңда соттың бастамасымен де тараптарға татулау үшін 6 айға дейінгі мерзімге уақыт берілуі мүмкін. Тараптар жоғарыда аталған әдістің біреуін таңдаса, уақыт пен ақша шығынынан, теріс эмоциядан сақтанады. Ең бастысы, араларындағы қарым-қатынас сақталады.

Біздің ауданда да бұл мәселеге аса назар аударылған. Аудандық әкімдіктер жанында кәсіби емес медиаторлар (тізімін әкімдіктен алуға болады) жұмыс атқаруда және «Анаға тағзым» ордасында «Аналар кеңесі» жас отбасыларға тәлім-тәрбие беруде. Сондықтан да, некені бұзуға асықпаныңдар. Арыз берместен бұрын, арыз берген жағдайда да, ұйымдарға жүгініп, ақыл-кеңес алуға, отбасын сақтап қалуға деген мүмкіндіктеріңіз бар екенін ұмытпаңыздар.

Ақмарал НҮРҮДИН,
Шалқар аудандық сотының бас маманы,
сот отырысының хатшысы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ҚЫЗМЕТ

ҚҰЖАТТЫҢ
САУАТТЫ ЖАЗЫЛУЫ
ХАТШЫҒА БАЙЛАНЫСТЫ

Сот отырысы хатшысының жұмысы күрделі, көп салалы, сөйте тұра қызықты да. Сот процесінде хатшы жүріп жатқан істің барысын, сот процесіне қатысушылардың айтқан сөздерін хаттамаға түсіріп қана отыратын сияқты. Алайда, сот процесінің дұрыс ұйымдастырылуы, іс бойынша өзіндік айғақ саналатын сот құжаттарының, сот отырысы хаттамасы дұрыс, нақты, сауатты толтырылуы осы хатшыға байланысты.

тәжірибеден өтеді, білімін жетілдіреді. Соңында өз мамандығының жетік білгірі болып шығады. Сот отырысы хатшылары жұмысының жетіле түсетініне сенім мол. Себебі, бұған бұл салада жүргізілген реформалар өзінің оң нәтижесін беруде.

– Мемлекет басшысының бес институционалды реформаға негізделген «100 нақты қадам» Қазақстанның қарышты дамуының кепілі. Мұнда сот билігі мен осы саланың жұмысын жетілдіре түсуге ерекше назар аударылған. 100 қадамның 16-шы мен 34-ші қадамы тұтасымен заң үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған болса, оның ішінде сот жүйесін жетілдіру мәселесі 16 мен 27-ші қадамдарда нақты айтылған. Ұлт жоспарының талабы бойынша сот процестерін бейне және дыбыс таспаға жазу көзделген және де бейне жазуды тоқтатуға немесе дыбыс жазба материалдарын редакциялауға мүлде ең бермеу жөнінде айтылған. Бұл ең бастысы, соттың жұмысын жетілдірумен қатар, сот

отырысы хатшыларының жұмысын да жеңілдету түседі. Жазу жұмыстарының орнын дыбыс-бейнежазба таспалары алмастырады.

Мемлекет қызметкер мәртебесін қолдап отыру үшін барлық мемлекеттік қызметкерлер секілді сот отырысының хатшыларына да қойылатын талаптар әрдайым жоғарылап отырады. Соттың іс жүргізуге қатысты ішкі тәртіптері ішінара өзгеріп отырады. Атап айтқанда, сот отырысының хатшысы Қазақстан Республикасының сот жүйесіндегі маңызды буын болып табылады. Ауырпалыққа қарамастан, сот отырысының хатшылары өз міндеттеріне мұқият, атқарушы және жауапкершілікпен қарауы керек. Соттың жұмысы мен имиджі сот отырысы хатшысының дұрыс ұйымдастырылған жұмысына, оның жауапкершілігіне, сауаттылығына, адалдығы мен дәлдігіне байланысты.

С. МҰСАЙ,
Көкшетау қалалық
мамандандырылған тергеу
сотының бас маманы - сот
мәжілісінің хатшысы

Хатшы, сонымен қатар, тараптардың сот отырысына келуін қамтамасыз етіп, азаматтық істерді рәсімдеп, сот актілері мен басқа да құжаттарды іс жүргізу нұсқалығына сәйкес сатыларға жолдайды. Соттың жұмысы мен беделі көп ретте сот отырысы хатшысының жұмысты дұрыс ұйымдастыра білуіне, шағым тудырмас үшін азаматтардың сауалдарына уақытылы жауап беріп отыруы тиіс.

Әрине, сот отырысында әртүрлі істер қаралады. Заңның да әр түрлі баптары қолданылады. Азаматтық және қылмыстық істер, даулар сотта қаралып, соңғы түйін осында шығарылып жатады. Міне, осының барлығын көзімен көре жүріп, мол

ЖҮЗДЕСУ

Қызылордада ҚР Қылмыстық кодексінің 188-1-бабымен сотталған (мал ұрлау) 34 жастағы азамат отбасымен кездесті. Кездесуге анасы мен екі баласы келді. Ал азаматтың жұбайы жетінші перзентін дүниеге әкеліп, перзентханада жатыр екен. Сондықтан әйелі емес, анасы келген.



қалыпты. Құлағымға сыбырлап: «Әке, сізді қатты сағындым» дейді. Еріксіз көзіме жас келді. Өзімнің жасаған қылмысыма өкінім. Балаларымның мені сағынып, мұнда келгені де жанымға батты. Бір өкініш, бір қуанышы аралас өмір ғой бұл. Бүгін әйелім, жетінші баламызды дүниеге әкеліпті. Ұл босаныпты. Ұзақ мерзімді кездесу мен төртінші ұлымның туылғаны қатар келіп, кеудемді қуаныш кернеп тұр. Анамның дайындап әкелген тіл үйіреті тамағын жеп, ауылдағы ағайын-туыстың әңгімесін сұрап білдім. Ұлым мен қызымның бал қылықтарын тамшалап, екі күн бауырыма басып жатамын – дейді жазасын өтеуші.

Бұл №68 тергеу изоляторындағы мекеме бастығының

«САҒЫНДЫМ СІЗДІ,
ӘКЕ»

Балаларын әбден сағынған әке оларды кезек-кезек құшағына қысып, көз жасын көпке дейін тия алмады. Жүрегі сағынышка толы көп балалы әке алдымен бес жастағы қызын бауырына құшты. Сонан соң, ұлын сүйіп, анасымен амандасты.

– Бүгін кездесуге екінші ұлым мен кіші қызым келді. Қызым қатты сағынып қалыпты. Мойнымнан құшақтап жіберер емес. Бұдан үш жыл бұрын сотталып жатқанда қызым небәрі екі жасқа да толмаған, енді талпынып жүрген болатын. Бүгін міне, бойы өсіп, ес тоқтатып

рұқсатымен өтіп отырған сегізінші ұзақ мерзімді кездесу. Туыстарын, әсіресе, ұл-қыздарын көргеннен соң, мұндағы кез келген сотталған жақсы, көтеріңкі көңіл күйде қалады. Өйткені, балалары олардың болашағы. Балаларын көріп, бостандыққа шығуға деген талпыныстары артып, жақсы көңілмен жүреді. Сол себепті де біз сотталғандарды өмірге қайта тәрбиелеу мақсатында, туыскандарымен байланысын үзбей отырамыз – дейді, АКАӨПТЖБ-нің бастығы, әділет капитаны А.Тұрманов.

Раушан НАРБЕКОВА

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ынтымақты ел бір мақсатқа біріккенде ғана нәтижеге жететінін жақсы білсе керек. Осы тұрғыдан алғанда қоғамдық бірлестіктердің құрылып, жұмыс істеуі органы өзгертуге, дамуды жеделдетуге ықпалды екенін түсінген жөн.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасының екінші бағыты «Әділдік» деп аталады. Осы бағытты қолдау үшін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске азаматтарды жұмылдыру бойынша тын жұмыстар жүргізу қажеттілігі туындады. Соған орай, 2020 жылдың қараша айында «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігі құрылды. Ерекше атап өтетін жайт, біздің бірлестігіміз – мемлекеттен бір тын қаражат алмайтын, толығымен жеке демеушілік қормен қаржыландырылатын тәуелсіз ұйым. Себебі, сыбайлас жемқорлықпен күресте тәуелсіз болу өте маңызды және бұл біздің басты ұстанымымыз. Қаржыға тәуелді ұйымнан нәтижелі жұмыс күту бекер. Сол себепті біз мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарға, гранттарға қатыспаймыз.

Мақсаты айқын, жұмысы жүйелі болғандықтан бүгінде бізді қолдаушылар да, бізге өтініш айтушылар да көп. Соған сәйкес 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап барлық өңірде қоғамдық бірлестіктің филиалдары ашылды.

– Өңір халқының құқықтық сауаты қандай? Азаматтар қандай сауалдармен жиі хабарласады?

– Республика бойынша біздің оңтүстік өңірде сыбайлас жемқорлықтың деңгейі жоғары екені ешкімге жасырын емес. Кеше ғана еліміздің жергілікті атқарушы органдарында парламен ұсталған фактілер бойынша жүргізілген рейтингте көш басында Түркістан облысы, Қызылорда облысы, Шымкент қаласы тұрғанын біріміз білдік. Бұл нені білдіреді? Өкінішке орай өз тәжірибемнен көз жеткізген жағдай, біздің өңірдегі халықтың құқықтық сауаттылық деңгейі өте төмен. Сол себепті бізде тұрмыстық сыбайлас жемқорлық өршіп тұр.

Өз құқығын жетік меңгерген азамат көп жағдайда пара бермей-ақ, ортаға туыс-таныстарын салмақ-ақ мәселесін шеше алатынын біледі. Мұнда наннан хабары жоқ, құқықтық сауаты кем жандар барлық шаруасын жемқорлық арқылы реттеуге бейім. Параны беретін де, туыс-туғанның көмегіне жүгінетін де солар. Бір қызығы, сыбайлас жемқорлықтан қалай құтыламыз деп жемқорлыққа шағымданатын да осындай азаматтар. Мемлекеттік қызметте қандай жаңалық болып жатқанынан, қандай заңдар қабылданғанынан бейхабар азаматтар осы білместігінен сергелденге түсіп, зардап шегетінін ұғына бермейді. Сондықтан біздің басым бағыттарымыздың бірі – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқықтарын қорғау болып табылады. Бұл мақсатты жұмысты жүзеге асыру барысында біздің тарапымыздан халыққа тегін құқықтық көмек беру қарастырылған.

Халықтан келетін сұрақтар әр алуан. Көбінесе азаматтар сотқа талап арыз жазуға көмек сұрап келеді. Сондай-ақ, құқыққорғау органдарында тергеудің ашық, әділ жүргізілмей жатқанын айтып әділдік іздейді, алимент өндіру, алаяқтарға алдану, интернет алаяқтық, несие бойынша да сұрақтар өте көп. Бір өкініштісі, бұл мәселелер әлеуметтік желілерде де, бұқаралық ақпарат құралдарында да, құзырлы орындардың арнайы сайттарында да тәптіштеп жазылып, қылмыстан сақтандыру бойынша ақыл-кеңестер тұрақты ұсынылып келеді. Тек соған құлақ асып, оқып, сақтанып жатқандар аз.

– Әлеуметтік желіде Шымкенттегі тұрмыстық зорлық-зомбылық, отбасындағы жанжал жиі сөз болады. Мұның себебі неде? Дәл осы түйткіл неге оңтүстік өңірде өткір тұр? Заңгер ретінде осы мәселенің тамырына үңіліп көрдіңіз бе?

– Тек Шымкент демей-ақ қояйын, жалпы бұл мәселе де біздің оңтүстік өңірде өзекті екені рас. Тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша көптеген әйелдер мен жұмыс жасады. Көбісі есімінің құпия қалғанын сұрап, жай ғана ақыл, кеңес беруімді өтінеді. Құқыққорғау органына жүгінуге болатынын айтып, құқықтық жолын көрсетсең, құзырлы органдарға жүгінбейді. Арыз жазған күннің өзінде, ағайынның қолқала-

**Айжан КЕСЕБАЕВА,
«Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігі,
Шымкент қалалық филиалының басшысы:**

**«ҚАРЖЫҒА ТӘУЕЛДІ
ҰЙЫМНАН НӘТИЖЕЛІ
ЖҰМЫС КҮТУ БЕКЕР»**



уымен қайта шағымын алады. Неге? Себебі, бұл жақта әйелдер өз құқығын қорғалуынан бұрын, елдік сөзі мен ағайынның алдындағы ұялты ойлайды. Құқығын қорғап, полицияға арыз жазуды намыс көреді. Көпшілігі іштей тынып жүре беруге бейім. Өкінішке орай, бұның соңы неге апарып жатқанын көріп жүрміз. Бүгінде қаншама әйел өз күйеулерінің қолынан мүгедек болып, мерзімінен бұрын көз жұмуда. Осындай зорлық-зомбылықты көріп өскен балалардың психологиясы бұзылатынын белгілі. Озыр әкенің теріс әрекетін жастайынан көріп өскен баланың ертен соны қайталамасына кім кепіл?

Біздің елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша берілетін жаза өте жеңіл деп ойлаймын. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінен бұл құқықбұзушылық үшін ескерту немесе 10-15 күнге әкімшілік қамалға алу қарастырылған. Президентіміз кешегі жолдауында осы мәселеге жеке тоқталып «Отбасында ойран салатындар жазаға тартылмаса, олар одан бетер басынып кетеді. Ал жапа шеккендер мүлдем қорғаусыз қалады. Мұндай әрекеттер үшін жазаны күшейтетін кез келді деп санаймын. Зардап шеккен жандар елдің сөзінен немесе біреудің қысым жасауынан қорықпауы қажет. Сондықтан, полиция қызметкерлері олармен өте мұқият жұмыс жүргізіп, тиісті шаралар қолдануы керек» деп баса көрсеткені көңілге үміт сыйлады.

Бұған дейін де айтып жүргенімдей, осы отбасылық зорлық-зомбылық көрсетушілерге қатысты заңды қатаңдатып, тіпті, осындай құқықбұзушылықты көре тұра көз жұма қараған, жасырған, тиісті органдарға хабарламаған тұлғаларға қатысты да жауапкершілік енгізілуі тиіс.

Президенттің тұрмыстық зорлық-зомбылық тақырыбын көтеруі тегін емес. Әйел – ұлт болашағы, отбасындағы тыныштық шырақшысы, берекенің ұйытқысы. Болашағымыз жарқын болсын десек, баланың жағдайын, ол үшін сол баланы тәрбиелеп отырған ананың жағдайын жасауымыз қажет, ана мен баланы әлімжеттіктен қорғауымыз керек. Сондықтан жолдауда айтылған осы мәселе тиісті түрде жүзеге асырылса, қазақтың талай әйелінің құқығы өз деңгейінде қорғалып, әділдік орнайтынына сенемін.

шығартып, тиісті сот орындаушылар палатасына сот бұйрығының жіберілуін қамтамасыз еттік. Нарықта бұл қызметті ал бізден тегін алуға болады. Бұның барлығы халықтың мүддесін қорғап, игілігі үшін жасалған жағдай екенін ұмытпайық.

– Сауатты, кәсіби білікті заңгерді қалай білуге болады? Кейде азаматтар берген ақшасына сай қызмет ала алмағанын айтып ренжіп жатады.

– Егер азаматтар қандай да бір мәселе бойынша ақылы заңгер немесе адвокатқа жүгінгелі жатса, алдымен ескеретін жағдай – ол маман туралы пікірлерге назар аударуы керек. Оның іскерлік беделі қандай екеніне көңіл бөліңіз, осы уақытқа дейін қанша іске қатысып, сотта жеңіске жеткені туралы ақпарат сұраңыз. Қазір ақпараттың бәрі ашық, қолжетімді. Сондықтан мұндай мәліметтерді табу, анализ жасау көп қиындық тудыра қоймайды. Өзіңіз көмекке жүгінгелі отырған адвокат жайлы дерек жинаудан еш қысылудың қажеті жоқ. Өйткені, сіз сотта сіздің құқығыңызды қорғайтын адамның білім-білігі, шеберлігі туралы мағлұмат алуыңыз керек. Сот – тағдыр шешілетін орын. Әрі ақиқат алаңындағы талқыда сауатты адвокаттың салмағы әрқашан жоғары. Шындығында, қызмет алмас бұрын құқығыңызды қорғайтын маман жайлы толық ақпарат алуға құқылысыз.

Мұндағы екінші мәселе – көрсетілетін қызмет туралы шарт талап етіңіз, шартты өзіңізге ыңғайлы тілде болуын қадағалап және шартпен толықтай танысып шығыңыз. Міндеттемелерді тараптар тиісінше орындамаған жағдайдағы жауапкершілік мәселесінің шартқа бекітілуін талап етіңіз. Бұның барлығы сіз уәделескендей тиісті білікті қызметті ала алмаған жағдайда төлеген ақшаныңды өндіруге, бұзылған құқығыңызды қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

– Қоғамдық бірлестік жұмысына құзырлы органдардың көзқарасы қандай? Жолдаған сауал,

Алықтан келетін сұрақтар әр алуан. Көбінесе азаматтар сотқа талап арыз жазуға көмек сұрап келеді. Сондай-ақ, құқыққорғау органдарында тергеудің ашық, әділ жүргізілмей жатқанын айтып әділдік іздейді, алимент өндіру, алаяқтарға алдану, интернет алаяқтық, несие бойынша да сұрақтар өте көп. Бір өкініштісі, бұл мәселелер әлеуметтік желілерде де, бұқаралық ақпарат құралдарында да, құзырлы орындардың арнайы сайттарында да тәптіштеп жазылып, қылмыстан сақтандыру бойынша ақыл-кеңестер тұрақты ұсынылып келеді. Тек соған құлақ асып, оқып, сақтанып жатқандар аз.

ұсыныс, тілектеріңізді бірден қолдай ма?

– Әр кезде әрқалай деп жауап бергенім дұрыс болар. Кейбір мемлекеттік органдар айтылған орынды сынды дұрыс қабылдап, кері байланыс орнатып, тиісінше нәтиже көрсетіп жатады. Кейбір мемлекеттік органдардан өкінішке орай ондай кері байланыс көре алмай жатамыз. Бірақ, заң бойынша егер мемлекеттік органның жауабына қанағаттанбаған жағдайда, сотқа немесе жоғары тұрған органға немесе лауазымды тұлғаға шағымдануға болады. Біз әр сұранысымыздың, арызымыздың тиісті түрде қаралуы үшін заңда көзделген осы тәсілдерді қолданамыз.

Осы орайда айта кететін жағдай – біз де мемлекеттік органдар секілді – осы өңірдің халқының әлеуетінің жақсаруына, түйткілді мәселелерінің оң

шешімінің табылуына жұмыс жасап жатқан ұйымбыз. Біздің мақсатымыз – мемлекеттік орган жұмысына кедергі келтіріп, оларды орынсыз сынап, олардың беделіне нұқсан келтіру емес, негізгі көздегеніміз – қоғамда әділдіктің болуын қамтамасыз ету, әділетті Жаңа Қазақстанды жасауға мұрындық болу, үлес қосу. Қазақта сөз бар «кемедегінің жаны бір» деген. Бәріміздің «илеп жатқанымыз бір терінің пұшағы». Сондықтан Президент үнемі айтағындай мемлекеттік органдардың барынша ашық болатын, халыққа жақын болатын, азаматтық қоғам өкілдерінің орынды сындарын дұрыс қабылдайтын уақыты келді.

– «Әділдікті талап ет!» деген тақырыппен жемқорлыққа, жол жөндеудегі жолсыздыққа қарсы арнайы жобаны қолға алғандарыңыздан хабардармыз. Жоба қалай жүріп жатыр? Халық белсенді ме? Нәтижесі қалай?

– Аталмыш науқан біздің бірлестікпен Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесіп қолға алынып жатыр. «Әділдікті талап ет!» республикалық науқанын ағымдағы жылдың 15 тамызы мен 15 қыркүйегі аралығында өткізу жоспарланған. Қазіргі кезде азаматтардан түскен арыз-шағымдарды және тиісті уәкілетті орган ұсынған соңғы жылдары жөнделген және кепілдік мерзімі өтпеген жолдарды тексеру жұмыстары жүргізілуде. Аталған науқан барысында Қарағанды облысынан 1 қылмыстық іс қозғалғанын айта кету керек. «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігімен бірлесіп «Әділдікті талап ет!» атты ауқымды науқанын бастады. Бұл жобаға Қазақстанның кез келген азаматы қатыса алады. Науқанның басты мақсаты – қоғам арасында жемқорлыққа төзімсіздік ортасын қалыптастырып, бұл үрдіске ел азаматтарын барынша жұмылдыру. Іс-шара жемқорлықтың болуы немесе орын алуы мүмкін деген, қоғамды алаңдатытын мәселелердің кең ауқымын кезең-кезеңімен қамтитын болады. Бірінші кезеңде автожол саласындағы мәселелерге тоқталып, жолдарды салу, жөндеу және күтіп ұстау барысындағы жемқорлық тәуекелдерін анықтауға назар аударылады.

Биыл Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жол салу саласында сыбайлас жемқорлыққа бейімділік көрсеткішінің жоғары екенін атап өтіп, елімізде жол салу барысында 10 жыл ішінде болған бұзушылықтарды мұқият тексеруді тапсырған. Еліміздің жолдары нашар екені және жол құрылысы саласын жемқорлық жайлағаны ешкімге жасырын емес. Жалпы бұл салада қордаланған мәселе көп... Жолдың нашар сапасына қатысы бар барлық кінәлілерді заңға сәйкес жауапкершілікке тарту қажет», – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстанда бұл сала сыннан көз ашпай жатқаны анық. Жол-көлік апаратында талай адамның көз жұмып, жаракат алуының басты себебі – осы сапасыз жолдың әсері.

Азаматтар науқанға Adildik.kz веб-сайты арқылы қосылып, 1463 Call center бойынша Қазақстан автожолдарын салу, жөндеу және күтіп ұстау саласындағы жемқорлық туралы ақпаратты хабарлай алады.

Филиалда тәжірибелі заңгерлер мен сарапшылар жұмыс істейді. Бірлестікке жыл басынан бері 78 адам жүгінген. Оның ішінде 8 анаға сот арқылы алимент өндіруге арыз беруге көмек көрсетіліп, сот шешімінің жеке сот орындаушылары палатасына жіберілуі қадағаланды. Аптаның әр бейсенбісі – азаматтарды қабылдау күні. Азаматтарға тегін заңгерлік кеңестен бастап, қажет болса құқықтық көмек көрсетуге тырысамыз. Және барлығы ақысыз, тегін негізде.

Айта кетейік, бірлестік қызметінің нәтижесі биылғы жылдың аяғында өтетін Жемқорлыққа қарсы форумда жарияланып, науқанға белсенді қатысқан азаматтар «Әділдік жауынгері» мәртебесіне ие болады. Бұл шараға біздің Шымкент қаласының халқы белсенді қатысуда. Біз барлық арыздарды талдап, зерделеп, тиісті органдарға жолдайтын боламыз және заңнамалық тұрғыдан нақты ұсыныстар жасаймыз деп жоспарлап отырмыз. Нақты нәтижелер науқан аяқталған соң БАҚ арқылы көпшілікке хабарланатын болады.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет.

А.САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

ТАҒЫМ

«Қазақстан халқы тілдері» күні мерекесі 22 қыркүйектен Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы» 2017 жылғы 31 қазандағы № 689 қаулысымен 5 қыркүйекке ауыстырылған. Атаулы күннің өзгеруі – қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ақын, педагог, аудармашы, түркітанушы, публицист, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен орайластырылған.



Тіл мерекесін «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды» деп, тіл тазалығын сақтауға үндеген Ұлт ұстазының туған күніне орайластыру – тәуелді санадан құтылғандығымыздың жарқын бір көрінісі, елдігіміздің бір айғағы. Ахмет Байтұрсынұлының мерекесіне орай қабылданған бұл шешім қоғамдық қызметі мен сан салалы шығармашылық тұғыры биік тұлғаға жасалған тағзымның бір көрінісі ғана.

Атаулы мерекенің мәні мен мағынасының қаншалықты тереңде екенін ақын Саен Сейфуллиннің «...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді» – деген Ахаң арнаған саналы ойларынан-ақ сезуге болады.

XX ғасырдағы қазақтың рухани мәдениетіндегі көшбасшылардың бірі болған Ахмет Байтұрсынұлы – өмірі аңызға, шығармашылығы үлкен маңызға ие болған көрнекті тұлға.

Өз заманында «Қазақтың Ахаңы» деген мәртебелі атқа ие болған Ахмет Байтұрсынұлының қазақ ұлтына сіңірген ұланғайыр еңбегі әр саладан көрінеді. Мәселен, Ахаң – ең бірінші, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына зор үлесін қосқан ағартушы, ең алғашқы «Әліппе» оқулығының авторы, екіншіден, қазақтың әлеуметтік өмірінің барлық саласына еңбек сіңірген ірі публицист, қоғам қайраткері, үшіншіден – өнер иесі, ақын, қазақтың тілін ғана емес, әдебиетін де зерттеген ғалым және халықтың тез сауаттанып хат тануы үшін араб жазуын реформалап, ұлттық деңгейге көтерген бірегей тұлға.

БІРЕГЕЙ

Бүгінгі таңда Ұлт ұстазын ұлықтауға арналған іс-шаралар республика деңгейінде кеңінен өткізілуде. Тілдер мерекесіне орай Ақмола облысының соттары да «Ахмет Байтұрсынұлы – Ұлт ұстазы» тақырыбында Ахаңның өмір жолы мен ерен еңбектеріне тоқталып, танымдық ашық сабақ өткізуге атсалысуда.

Соттар әкімшісінің басшысы Данияр Сапарбек іс-шараның шымылдығын аша отырып, барша қызметкерлерді ұлы тұлғаның мерейтойымен құттықтап, сөз кезегін Ақмола облысының оқу-әдістемелік орталығы директорының міндетін атқарушы Қуаныш Қайыргелдіұлы Қажиахметовке берді? Ұлт ұстазының еңбектері туралы Соттар әкімшісі басшысының орынбасары Ғалым Ардақұлы Табанов мазмұнды баяндама оқып, ашық сабаққа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Танымдық іс-шараның басты мақсаты – өскелең ұрпаққа Ахмет Байтұрсынұлы туралы мәлімет беру, тыңдаушылардың сөздік қорын, тіл байлығын кеңейту, шығармашылық ізденіске баулу. Осы орайда, Ақмола облысының оқу-әдістемелік орталығының оқытушысы Құралай Көшкінбайқызы Шәріпова көрнекі құралдарын пайдалана отырып, сот мамандарын ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, «қазағым» деп жүрегі соққан, халқын алға жетелеуге ұмтылған көрнекті тұлғаның шығармашылық еңбегімен таныстырды. Сонымен қатар, тыңдаушыларға Ахаң туралы бейне-көрсетілім арқылы танымдық дәріс берілді.

Іс-шараның қызықты әрі маңызды бөлігі сауалдар сайысымен ұштастырылып, қатысушылар 3 топқа бөлінді. Бірінші топ – «Ахмет Байтұрсынұлының шәкірттері», екінші топ – «Ахмет Байтұрсынұлының ұрпақтары», үшінші топ – «Алаш арыстары».

Сайыс барысында қазақ халқының салт-дәстүрлеріне шолу жасалып, белсенділік танытқан үздік топтар марапаттарға ие болды.

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай өткізілген іс-шара өз мәресіне жетіп, сот қызметкерлері ашық сабақтан үлкен әсер алды.

Дидар РАХИМОВА, Ақмола облысы бойынша Соттар әкімшісінің мемлекеттік тілді дамыту бойынша бас маманы

КЕЛБЕТ

Дүрбелең заманда дүниеге келіп, елді дүрліктірген қос төңкеріс жылдарында өз ұлтын соңынан ерте білген Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толды.

Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен ұлы тұлға – дарынды ақын, ғалым-публицист, түркітанушы, аудармашы, педагог, қоғам қайраткері.

Қуғын-сүргінде жүріп, зорлық көріп өткен аз ғұмырында өшпес-өлмес мұра қалдырған Ахмет Байтұрсынұлов өзінің саналы өмірінде халыққа білім беру, оны жетілдіру бойынша көп ізденді. Көптеген мақалалар, еңбектер жазды.

«Әліп-би», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» атты кітаптары, қазақ тілінің фонетикасы, лексика, грамматика салаларына сіңірген еңбегі, ережелері мектеп оқулығын жасауға негіз болды.

Ол орыс-қазақ мектептерінде сабақ бере жүріп, қоғамдық, әлеуметтік өмірге үңілді. Ұлттына білім-ғылым таратудың тиімді жолдарын қарастырып, теориясымен шұғылданды. Алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарын жазып, халықтың көркем сөз мұрасын жинау, жүйелеу, зерттеу ісіне араласты, баспасөзге мақалалар жазды, өлең шығарды, аударма жасады.

Қарқаралыда мұғалім болып жүргенде әділетсіздікке, патша өкіметінің саясатына қарсы наразылық білдіргені үшін Ахмет Байтұрсынұлов бақылауға алынады да, 1909 жылы июльде Семей түрмесіне қамалады. Кейін оны қазақ жерінен тысқары жерлерге жер аударуға үкім шығарылып 1910–1917 жылдары Орынбор қаласында тұрады.

«Маса» атты жинағы, апталық «Қазақ» газеті осы жылдары дүниеге келеді. Ғұмыры қысқа газетке өкімет тағы шүйлігеді, 1500 сом штрафты төлей алмаймын деп Ахмет түрмеге қамалады. Оқырмандары ақша жинап штрафты төлеп Ахметті қамаудан босатып алады.

1916 жылы да газет 3000 сом айып төлеген, солардың бәрін газеттің

ҚАЗАҚ БАРДА АХАҢ МӘҢГІ ЖАСАЙДЫ

оқушылары, тілектестері көтерген. Ақыры «Қазақ» газеті жабылды.

Мұхтар Әуезов айтқандай «қазақ даласын өлім ұйқысынан оятқан, жансыз денеге қан жүгірткен, «Маса» болып ызындаймын» деп өзіне көп жүк артып, бейнет көрген Ахмет Байтұрсынұловтың өзінің де, газетінің де өмірі қысқа болды.

Ақынның қай шығармасын алсақ та ұлт мүддесі үшін, бүкіл қоғамды тәрбиелеуге, келешегіне арналған «Жиған-терген» атты өлеңінде елді ойландыратын аздығы, бірліктің жоқтығы, ел басшыларының зорлықшылдығы тағы басқа ой-тұжырымдар айтылған. Ахметтің өлеңдерінің бәрі сол заманның көрінісі, өзінің болмысы, ішкі айнасы «Апама хат» өлеңінде:

Қарағым, дұғажәзім, қамқор анам! Арнап хат жазайын деп алдым қалам. Сені онда, мені мұнда аман сақтап, Көруге жазғай, деді хак тағалам Бара алмай, өтірікші болып әбден, Семейдің түрмесінде отыр балаң. Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ, Өкімет – өр зорлыққа не бар шараң? – деп өзінің ақ екенін, жазығы жоқ болса да тар қапасаға түсіп айыпқа тартылғанын өркеуде, озбырлардың ісі екенін айтады.

Патшадан құтылған мен тонын айналдырып киген қасқырлардың «Кенес» деген зұлымдардың озбыр әділетсіздігіне шағым жасайды. «Бак» өлеңінде:

Бұлттар басын жасырған Жаңа түсіп басылған, Таң шапағы сөніп тұр Жаңаланған өмірден, Жаңа шығып көрінген Гүл қамауда семіп тұр. – деп өкімет жаңарса да, қазаққа таң шапағы күліп қарамайды, бұлт жібермейді, гүл де қамауда, көңіл жабырқаулы дегенді астарлап жеткізеді.

Ахметтің «Заң жобасының баяндамасы» деп аталатын мақаласында, пат-

ша өкіметінің қазақ халқын билеу үшін жасалған 1868 жылы шыққан «Уақытша ережесін» егжей-тегжей талдайды. Жаңа жүйенің зарпап залалдарын, елге қандай әсері болатынын түсіндіреді. Қазақтарды ауыл ауылға бөлгенде туыстық жақындығын ғана есепке алмай, айырған жерінің хам шаруасының ретіне қарай бөлу керектігін айтады.

Сөйтіп Ұлт ұстазы қашанда өзіндік берік ұстанымымен ерекшеленіп, халықты қоғамдық – әлеуметтік көкейтесті мәселелерді танып білуге үндей отырып, азаттықтың ақ жолына, бостандыққа ұмтылуға жол сілтейді.

«Жаңа нұсқа» ережесі шығысымен, патша өкіметі жерімізді отарлау саясатына кірісті. Жер ғана емес тіл мен дінге, халықтың ішкі рухани тірегі болған тарихи жадына да қол сұға бастады. «Заң жобасының баяндамасы» осындай сорақылықтың ел ертеңіне зиянын ашып айтқан еді.

Қорыта келе, Ахмет Байтұрсынұловтың «елім» деп жанкештілікпен, қорлық-зорлық пен өткізген өмірі, жазықсыздан жазықсыз тар қапаста отыруы, талай жылдар бойы «Халық жауы» аталып шығармаларының оқытылмауы бүкіл халыққа жасалған қиянат. Құдайға шүкір, бүгінгі күні Ахметтің ЮНЕСКО көлемінде 150 жылдығының тойлануы, еліміздің түкпір-түкпірінде іс-шаралардың жүргізіліп, шығармаларының насихатталуы, мектеп, көшелерге аты беріліп, бюстердің, ескерткіштердің орнатылуы ғалым бабаның мол мұрасына берілген баға деп білеміз.

Бұл мерейтой бәріміздің тойымыз. Той құтты болсын! Қазақ халқы барда – Ахмет тірі, мәңгі тірі болады! Ұрпағы жадында ұстаздың ұсынған жолымен жүріп, шыңға шыға берсін!

Ж.ЕСЕНОВА, Қызылорда қалалық мамандандырылған тергеу сотының жетекші маманы

ТҮЗЕУ МЕКЕМЕСІ

«БІЛІМДІНІҢ КҮНІ ЖАРЫҚ»

Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай, ЗК-169/4 мекемесінде тәрбие бөлімі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен сотталғандар арасында ақын өлеңдерін мәнгерлеп оқудан жарыс өтті.

Сотталған азаматтардың қатысуымен болған бұл іс-шарада, олар ақынның өмір жолы мен шығармалары жайында жан-жақты ой қозғалды. Олардың бірі өлеңдерін мәнгерлеп оқыса, енді бірі ақынның қанағатты сөздерінің мағынасын түсіндірді.

Мақсат есімді жазасын өтеуші:

Мен, кітапханадан ақынның өлеңдер жинағын алып оқыдым.

Ақынның «Маса» жинағына енген өлеңдері – халықты оқуға, өнер-білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті ұағыздау, еңбек етуге үндеуді мақсат етіпті. Маса сияқты ызындап, енжар, жалқауларды оятып білімді болуға үндейді. Білімді адамның күні жарық. Сондықтан мен де өз-өзімді дамытып, рухани байлығымызды арттыру үшін мекеме кітапханасына жиі барып ақын-жазушылардың кітаптарын алып оқимын.

– Бұл іс-шараның сотталғандар үшін тәрбиелік мәні зор болды. Өйткені, олар ақын шығармалары арқылы өз-өзін танып, өз міндеріне сыни қарап адамгершілік қасиеттер мен «толық адам» қандай болуы керектігі жайлы толғанысқа түсіп, біраз рухани азық алды. Шараға белсене қатысқан сотталғандар мекеме бастығының бұйрығымен марапатталды», – деді әділет аға лейтенанты Айнұр Абдрашитова.

Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД

ТҰЛҒА

ХАЛЫҚТЫҢ АХМЕТІ

Қазақтың рухани көсемі атанған алаш ардақтысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туылғанына биыл 150 жыл. ҚР Білім және ғылым министрлігі Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі жалпы республикалық жоспар жобасын таныстырды. Атаған жоспарда Ахмет Байтұрсынұлының қызметін жан-жақты танытуға бағытталған халықаралық, республикалық және аймақтық іс-шаралар қамтылған.

Ахмет Байтұрсынұлы қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Саыртүбек ауылында дүниеге келген. Өз кезеңінде «Қазақтың Ахаңы» деген мәртебелі атқа ие болған Ахмет Байтұрсынұлының ұлтына сіңірген ұланғайыр еңбегі әр саладан көрінеді. Ол ең бірінші, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсаған ағартушы, ең алғашқы «Әліппе» оқулығының авторы, екіншіден, қазақтың әлеуметтік өмірінің барлық саласына назар аударған ірі публицист, қоғам қайраткері, үшіншіден, өнер иесі-ақын, қазақтың тілін ғана емес, әдебиетін де зерттеген ғалым және халықтың тез сауаттанып хат тануы үшін араб жазуын реформалап, ұлттық деңгейге көтерген бірегей тұлға.

Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, А.Байтұрсынұлы XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге көтерді. Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар Байтұрсынұлының тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары

туындылар. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды.

Ахмет Байтұрсынұлының құрметіне Қазақстанның көшелері мен мектептері, тіл білімі институты, Қостанай қаласындағы университетке есімі берілді және көрнекті қайраткердің мұражай үйі мен ескерткіші ашылды.

Халқының тек азаттығы үшін ғана емес, сонымен қатар, мәдениеттің деңгейін көтеру үшін орасан зор қызмет атқарған А.Байтұрсынұлы сынды тұлғалар адамзат тарихында мәңгі есте қалады.

Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын сүйген, оның жолында небір қиыншылықтарға төзе білген, қазақтың ұлттық ой-өрісін, салауатты әдеби ортасын қалыптастыру жолында аянбай тер төккен, осы жолда бар қауіп-қатерлерді ескерген нағыз зиялы болды.

М.НАРШАЕВА, Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының жетекші маманы

ТАРИХ-ТАРАЗЫ

Қазақтың рухани көсемі атанған Алаш ардақтысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының еңбегін саралау – келер ұрпақ алдында аға буынның парызы. Осы ретте, біз де бірегей тұлғаның шығармашылығына үңілдік.

Байтұрсынұловтың саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұспа-тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам көп қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныстандыруды үзділді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы І шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды.

Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұловты қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін онда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы калада 1913–1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейха-

РУХАНИ КӨСЕМ

нов, М.Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ, қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды.

Байтұрсынұловтың «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін, сыншылдығын ұғындырды.

Ол қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген. «Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндіріп, ғылыми зерттеді.

Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын да қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркендетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті.

Ахмет Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. Байтұрсынұлы – әлеуметтік мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары ғылыми байыпта-

уымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығын хабар береді. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор.

Ол тұңғыш төл грамматикалық терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүзден ұлттық терминдерді түзеді. Сондай-ақ, Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды.

Байтұрсынұловтың ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. 1923 жылы Байтұрсынұловтың 50 жасқа толғаны Орынбор, Ташкент қалаларында салтанатты түрде аталды. С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Дулатов, Е.Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, Байтұрсынұловтың қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады. 1988 жылдан кейін Қазақстандағы көптеген көше, мектептерге Байтұрсынұлы есімі берілді. Тіл білімі институты, Қостанай университеті Байтұрсынұловтың есімімен аталды. Әр аймақта, өңірлерде оның мерейтойы кең көлемде аталып өтіліп, үлкен қалаларда ескерткіші ашылды.

Ғ.САХИ, Жалағаш аудандық сотының бас маманы

ТАҒЫЛЫМ

ӨЛМЕС МҰРА ИЕСІ

Ахмет Байтұрсынұлы — қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалымы, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы.

Қазақ рухани мәдениетіндегі көшбасшының артында мол мұра қалды. Олардың маңызы бүгін де өзекті. Келер ұрпаққа өнеге болып қалған бірқатар тағылымды сөздерге тоқтала кетейік.

* Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуы керек.

* Тақпақтан гөрі мақал маңызды, шымыр келеді.

* Көрікте пұл жоқ.

* Көсемсөз – әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз.

* Дүниедегі нәрселердің бәрі қысылады, мұздайды, қатады – түсі қашып, өлік сияқты жатады.

* Күн жазыла бастағанда – жаз болады: бәрі жадырайды – жазылады, көгереді, көркейеді.

* Сайлау деген – өзіңе берген ықтияр.

* Сөздің асыл болуы – ұнауынан.

* Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды.

* Жақсы шықса – жаман қалар.

* Теңеу: ай мен күндей – әмбеге бірдей.

* Білімнің бас құралы – кітап.

* Күнелту үшін – ас керек, ас істеуге – күш керек, күшті жұмсауға ес керек.

* Тән саулығы – тазалықтан, жан саулығының тамыры – тән саулығында.

* Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс: үлкен жұмысқа көп жұмыс керек.

* Ғылым мен өнер көбейген сайын – бейнет кемиді.

Е.УШБАЕВ,

Шахтинск қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

ЕҢБЕГІМЕН ЕР СЫЙЛЫ

ҚР ПМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясында КСРО және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің еңбек сіңірген қызметкері, милиция генерал-майоры Мақан Есболатов атындағы аудитория ашылды.

Аудиторияның лентасын Академия басшысы полиция полковнигі Айдар Сайтбеков пен генералдың қызы отставкадағы полковник Раушан Мақанқызы қиды.

Мақан Есболатов атындағы аудиторияға оның өмір жолы мен кіші лейтенанттан милиция генерал-майорына дейінгі және қатардағы қызметкерден Қазақ КСР Ішкі істер министріне дейінгі еңбек жолын ба-



ЕСБОЛАТОВ АТЫНДАҒЫ АУДИТОРИЯ АШЫЛДЫ

яндайтын стендтер қойылған. Сондай-ақ, аудиторияда генерал-майор М.Есболатовтың жеке заттары мен мемлекеттік және ведомстволық наградалары да орын алды.

М.Есболатов Ішкі істер органдарының беделін арттыруға зор үлес қосқан тұлға. Ол 1973–1980 жылдар аралығында Қазақ КСР Ішкі істер министрі болып тұрған кезде Ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға көп көңіл бөлінді, ПМ ақпараттық-есептеу орталығы салынды, Алматыда алғаш рет ЭЕМ қолданумен көше қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі енгізілді және облыстық ішкі істер басқармаларында штабтар мен кезекші бөлімдер құрылды. Бүкіл республика бой-

ынша қоғамдық тәртіптің тірек пункттері, ерікті халық жасақтары, жедел отрядтар ұйымдастырылды.

М.Е. Есболатов КСРО ПМ Алматы арнайы милиция орта мектебін (қазіргі академия) 12 жыл басқарған кезде де оқу орнының оқу-материалдық базасын қайта жаңартты. Оның басшылығымен жаңа оқу корпусы, жатақхана, акт залы және асхана салынды, жылжымай шаруашылығы құрылды. Осының барлығы 1991 жылдың шілдесінде орта оқу орнын ҚР ПМ Алматы жоғары мектебі етіп қайта құруға мүмкіндік берді. Оның бірінші бастығы болып М. Е. Есболатов тағайындалды.

Генерал-майор М.Е. Есболатов «Еңбек

Қызыл Ту» және «Құрмет» ордендерімен, 15 медальмен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

2017 жылдың 18 ақпанында Қазақстан Республикасы ПМ Алматы академиясына Мақан Есболатовтың есімі берілді.

Ішкі істер органындағы айтулы тұлғаға арналған аудиторияны ашу салтанатында «Генералдар кеңесі» республикалық қоғамдық бірлестігі президентіміз тарапынан бірінші орынбасары полиция генерал-лейтенанты Б.Сәрсеков пен Раушан Есболатова сөз сөйлеп, аңыз адамға айналған М.Есболатов туралы естеліктер айтты.

Г.МАҒЗУМОВА

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті «Спорттық медицина және оналту орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бес лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары

1. Орналасқан орнын, пошталық мекенжайын, телефонның көрсете отырып, кәсіпорынның атауы, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:

«Спорттық медицина және оналту орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы, Абай даңғылы, 44 мекенжайында орналасқан, тел.: 8 (727) 2 92 43 34.

Кәсіпорын қызметінің негізгі мақсаты спортшыларды жоғары білікті мамандандырылған медициналық комплексіне қамтамасыз ету және дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдарға дәрігерлік бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

2. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптары:

«Жалпы медицина» мамандығы бойынша денсаулық сақтау кадрларын даярлау бағытындағы жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі; денсаулық сақтау саласында басшылық лауазымдарда мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы.

3. Лауазымдық міндеттері:

Ұйымның өндірістік, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық жұмысын басшылыққа алады. Спортшыларды уақытылы және сапалы медициналық-биологиялық және дәрілік қамтамасыз ету бойынша құрылымдық бөлімшелердің жұмысын және тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырады. Барлық құрылымдық бөлімшелердің жұмысын және тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырады, олардың қызметін спорттық медицинаны дамытуға бағыттай-

ды. Спорттық дәрігерлердің, профильді мамандардың, массаж жасаушылардың және орта медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді, спорттық медицина саласында шетелдік тәжірибені зерттейді. Оның міндетіне жүктелген қаржылық, экономикалық, әкімшілік-шаруашылық сұрақтарын шешеді, қызметкерлерге – орынбасарларға, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына берілген жұмыстарды орындауға тапсырады, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, босату, ауыстыру, қолдау сұрақтарын шешуге жауапкершілікке алады. Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды. Спортшыларды уақытылы және сапалы медициналық және фармакологиялық қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастырады. Көрсетілген профилактикалық және емдік-диагностикалық көмектің жоғары сапасын қамтамасыз етеді. Сақтандыру қоры, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, өнім берушілер, тапсырыс берушілер мен банктарды қоса алғанда кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісімшарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауда дербес жауапкершілікке болады.

4. Біліуі тиіс:

Қазақстан Республикасы Конституциясы; Қазақстан Республикасы Бюджет кодексі; Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі;

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексі;

«Мемлекеттік мүлік туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңдары;

Педагогика, психология және физиология негіздерін;

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, орт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды.

5. Конкурсқа үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) конкурсқа қатысуға өтініші;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;

3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) білім туралы құжаттардың көшірмесі;

5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтағаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;

6) 075-у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне кәсіби дәрілік деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап 15 (он бес) күнде 2022 жылғы 9 қыркүйектен бастап 2022 жылғы 23 қыркүйекке дейін жүргізіледі.

6. Курстың өткізілетін күні мен орны:

Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі ғимараты, 15-кіреберіс, онлайн форматта.

Конкурс қатысушыларына әңгімелесу өткізу күні қосымша хабарланады. Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі ғимараты, 15-кіреберіс, 314 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Толық ақпаратты +7 (7172) 74-02-52, 74-06-55 телефондары бойынша алуға болады.

6. «Лисаков қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 2022 жылғы 4-ші тоқсанға жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтардың қабылдауын жүргізетін тұлғаның т.а.ө.	Азаматтардың қабылдауын жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтардың қабылдауын күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері, кабинеті	Байланыс телефоны
«Лисаков қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Патрикеева Надежда Николаевна	Басшы	Сейсенбі, бейсенбі сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін	Лисаков қаласы, Мир көшесі, 31, «Акимат - адалдық алаңы»	3-45-21

«Лисаков қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде қызметшілердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы және қызмет этикасының нормаларын бұзу фактілерін жабу үшін 3-45-21 сеним телефоны жұмыс істейді.

8. Қарағанды облысы, Шахтинск қалалық соты мекенжайы: Шахтинск қаласы, Свердлов көшесі, 12 үй, 1 пәтерде тұратын азамат **ТОЛЕУБАЕВ ЕРЛАН АХМЕТОВИЧТІН** 1969 жылы туған, Шахтинск қаласы, 40 лет Победы көшесі, 63 үй, 63 пәтер мекенжайында тұрған **ТОЛЕУБАЕВ АСХАТ АХМЕТОВИЧТІ** қайтыс болды деп тану туралы өтінішіне сәйкес азаматтық іс қозғады. Соңғы жұмыс орны: «Қазақстан» шахтасы.

ЖОҒАЛТУ

7. Тұрғын үй құрылысындағы үлестік қатысуы туралы НВИС-С1-1169 Келісімге 18.01.2022 ж. жасалған 4 Қосымша келісімнің түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) **ГВК Банктің жанында**, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. **WhatsApp**: +7-705-705-31-31. **E-mail:** nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ӨРТҮРЛІ

2. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Әулиеқол ауданының білім бөлімі» ММ (бұдан әрі - білім бөлімі) «Үздік педагог» атағын беру конкурстың (бұдан әрі - Конкурс) I (аудандық) кезеңінің өткізілетіндігі жөнінде хабарлайды.

Конкурстың өткізілу мерзімі: 2022 жылдың 1-29 қыркүйек аралығында. Конкурс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №12 «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу негізінде өткізіледі.

Конкурсқа мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін білім беру ұйымдарының педагогтері қатысады:

– білім беру ұйымдарының штаттағы педагогтері болып табылатын;

– конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде бес жыл үздіксіз педагогикалық өтілі бар.

Конкурстың I кезеңіне қатысу үшін жыл сайын бөлімдерге білім беру ұйымдары электронды форматта мынадай құжаттар мен материалдар ұсынады:

1) Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Конкурсқа қатысуға арналған өтінім;

2) білім беру ұйымдарының басшылары растаған педагогке арналған ұсыныс;

3) жұмыс орны бойынша расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы;

4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) білім беру ұйымының Комиссия отырысының хаттамасынан үзінді және қазақ және орыс тілдерінде ұсыныс;

6) электронды тасымалдағыштағы жазылған оқу сабақтары;

7) оқыту тіліндегі портфолио (педагогтің портфолиосының құрылымы осы Қағидаларға 2-қосымшада келтірілген);

8) есе; ессе тақырыбын жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі айқындайды.

9) осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген техникалық шарттарға сәйкес бейнеролик.

Құжаттарды қабылдау – 2022 жылдың 1-29 қыркүйегіне дейін, 2022 жылдың 30 қыркүйегінде аудандық комиссия құжаттарды қарастырады.

Педагогикалық қызметтің материалдары оқу тілінде ұсынылады. «Үздік педагог» атағын беру қағидалары қоса беріледі.

Байланыс телефоны: 22260 (ұйымдастыру комитеті).

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 **www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.**

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

БАЙҚАУҒА!

Жамалдың судья болып қызмет аткарып жүргеніне 13 жылдан асты. Өз жұмысының қаншалықты жауапты екенін жанымен сезінетін қазы әр істі мұқият қарауға дағдыланған. Бүгін тіпті үйіне бармай, жұмыс бөлмесіне қонып қалды. Таң бозарып келе жатқанда ғана, көзі ілініп кетті. Түнімен ойын сан сұрақ мазалап, жанына тыныштық бермеді...

Шынымен мына істе шикілік көп, күдіктіні қылмыскер деп тану үшін бұлтартпас дәлел керек. Ал мұнда жауаптан гөрі, сауал басым. Жамал өзі жауап таппай қиналған кезде тартпада тұрған Құранды алып, қолын қойып: «Я, Құдай, бұл істің ақ-қарасын ажыратып, әділ шешімін табуға мүмкіндік бер. Біреудің тағдырына балта шабудан сақта» дейді.

Бұл оқиғада «3-қабаттың балконнан сыныптасын құлатты» деген қыз кінәлі деп танылған. Бірақ куәгерлердің жауабы әртүрлі, жәбірленуші өтірік айтуы мүмкін бе, әлде біз білмейтін тағы бір құпия бар ма? Осылай ойдың жетегінде отырғанда, кабинетке бойы ұзын, өзі еңгезердей, жасы алпысқа таяған ер адам кіріп келді. Есікті сыртынан бір қақты да Жамалдың жауабын күтпей, ішке кіріп келіп:

– Сәлеметсіз бе, Сіз бе, судья Қалиева?

– Иә. Сәлеметсіз бе?! Төрлетіңіз!

– Менің қызымның ісін сіз қарап жатыр екенсіз, есімі – Әсел Хамзина. Сізге айтайын, менің қызымды балконнан құлатқан мына Анарға барынша ауыр үкім шығарыңыз, түрмеге ұзақ жылға қамаңыз. Қазір менің қызым комада жатыр. Ес-түссіз. Анау Анар түрмеде шіруі керек!

Осы сөздерді дауыстап, нық айтып тұрғанына қарағанда мына азамат өзіне тым сенімді секілді. «Бірақ менің жұмысыма араласатын сонша кім?» деп Жамал сөге қарады.

– А, иә, Анар Исаеваның ісін мен қарап жатырмын. Бірақ, кешіріңіз, үкімді сіздің қалауыңыз бойынша емес, заң бойынша шығарамын. Менің жұмысыма араласпаңыз!

– Қалиева ханым, бұл қалада мені бәрі таниды. Жолдас дегенді естуіңіз бар ма, Алла төбемде тұрса, Анарды түрмеге қамайсың! Болмаса, оның жамандығы сенің басыңа келетіндей қыламын.

Осы уақытқа дейін Жамалға талай адам келіп, небір сөздер айтқан. Алғыстан гөрі қарғысты көп арқалайтын қызметте жүргеніне де талай рет өкінген. Түрлі адамдар, үлкені бар, кішісі бар келіп, қарғап кеткен кезде жаны түршігіп, «Құдай-ай, өзін жар бола гөр. Мына кісінің қарғысы өтпесін. Ей, Алла...» деп жалбарынып қалаған. Бірақ бұл жолы неге екені белгісіз Жолдасдың қарғысынан да, сұсынан да қорқа қойған жоқ. Керісінше сенімді түрде:

– Өйтіп мені қорқытпай-ақ қойыңыз! Алланың барқы рас, үкім де соның қалауымен шығады. Дәлелдер не дейді, сол болады. Қазір кабинетті босатыңыз! – деді.

Жамалдың сөзі Жолдас мырзаға еш әсер етпеген сияқты. Ол қайтадан қолын төбеге қаратып: «Алла бар болса, Анарды түрмеге қамайсың, болмаса басыңа бәле төнеді», – деп тағы қайталады.

Расында, бұл оқиға бірнеше ай бұрын болған-ды. Әсел өзінің 28 жасқа толған күніне орай үйінде кішігірім кеш жасаймын деп ұйғарған. Кешке өзінің жақын достарын ғана шақырды. Арасында құрбысы Райхан, оның жолдасы Досбол, сыныптастары Серік пен Анар бар. 19 тамыз күні сағат 20.00 шамасында қонақтардың барлығы үйге жиналды. Жастық шағы Әселмен бірге өткен Анар да көптен келмеген 19 кв деген жазуы бар сол жақтағы қоңыр есікке аяндай басты. Біртүрлі, аяғы тартпай тұрғандай ма? Іші бір жамандықты сезсе де, үрейге бой алдырмайын деп шешті...

Әуелі үйге Серік «Ассалаумағалейкум» деп дауыстап, көтеріңкі көңіл-күй-

мен кірді. Артынан өзге қонақтар келіп, Әселді туған күнімен құттықтап, бір-бірімен амандасып үйдің іші думанға айналды. Қонақ бөлмеге үлкен столға аста-төк дастарқан жайылған екен. Қонақтар кезекпен тілек айтып, тост көтеріп жатты. Шәмшінің әндерін қосыла шырқады. Биге кезек келгенде Райханның күйеуі Досбол туған күн иесі Әселді биге шақырған. Екеуінің тым жақындасып кеткені Райханға ұнамай, Досболдың жанына барып, қолынан бір қақты. Қызды құшақтап әуенге еріп

– Райхан мен Әсел төбелесті ме?
– Иә, содан кейін Досбол Райханды ұрып тастады. Олар сосын кетіп қалды. Тергеуші бұл жауаптан өзіне бір жәйтті түргізіп алды. Сол түні күйеуін қызғанған Райхан мен Әсел төбелескен. Әйеліне ашуланған Досбол оны ұрып тастағанын білді. Демек, Әселге реніші бар адам – Райхан, оның да мотиві болған деп ойлады. Келесі күні тергеуші Райханнан жауап алды. Оның сөздеріне сенсек, Досбол үйге бірден кірмеген.

БЕЛГІ



кеткен Досбол селк ете түсті. Әсел де шамданып:

– Күйеуіңді тартып алмаймыз, не болды соншама? – деп шап ете қалды.

– Райхан! Отыр болды. Біз билеп жатырмыз, – деп Досбол да әйеліне қарсы атылды. Ішіп алған адамда ес болушы ма еді, Райхан Әселді өзіне қарай тартып, күйеуін ары итерді. Екі қыз бір демде арпалысып, төбелесіп кетті. Бұл ұрысқа столда отырған Серік пен Анар да араласты. Сағат 23.00-ге таяған шақта үйдің іші азан-қазан шұға айналды. Шамамен жарты сағаттан соң балкон жақтан қатты дыбыс естіліп, Әсел жерде қимылсыз жатты...

Бұл түн сол кеште отырған адамдардың өмірін екіге бөлді. Себебі осы уақытқа дейін доспыз дегендер енді бір-біріне қас адамға айналды. Балконнан құлаған Әсел ауруханада ес-түссіз жатыр, дәрігерлер оның өмірбақи мүгедек болып қалуы мүмкін екенін естіргісіз. Ал Досбол мен Райханның шаңырағы шайқалуға шақ тұр.

Тергеуші Қайрат бұл іс тапсырылған күннен жауапкершілікпен қарауға тырысқан. Қылмыс болған үйге бірнеше рет барып, түйінді ашуға болатын ілік іздеді. Жас та болса, іске етек-жеңін түре қарағаны байқалады. Әуелі Серіктің жауабын білмек ниетте оны бөлімге алдырды.

– Серік, оқиғаның қалай болғанын айтып беріңізші.

– 19 тамыз – Әселдің туған күні болды. Бәріміз жиналып бардық.

– Сағат қаншада? Кім, кім?

– Шамамен сегізден өте. Мен, Райхан, Досбол, Анар. Жап-жақсы кеш болып жатқан. Бір кезде Райхан мен Әсел қырқысып қалды.

– Не үшін?

– Досболмен билегені үшін. Оған Досбол да ашуланып кетті. Әйелін ұрып жіберді. Олар төбелесіп жатқанда, балконнан қатты бір нәрсе құлағандай болды. Балконға жүгіріп шықтым, жерде Әсел жатыр екен.

– Сол кезде Анар қайда болды?

– Менің қасымда.

– 19 тамыз Әселдің туған күніне бардық. Жақсы отырдық, ән айттық, биледік, аздап арақ іштік. Енді қай кеш бұлай өтпейді. Ұрысып қалдық, кейін Досбол екеуіміз он бір жарымда үйге қайтып кеттік. Өйткені біз үйге келгенде сағат түнгі он екіден он минут кеткен, анық білемін. Себебі қызым ояу жүр екен. Әшейінде түнгі он бірден соң ұйықтап қаламын.

– Досбол ше, сенімен келді ме?

– Иә.

– Ылғи сенің жаныңда болды ма?

– Ааа, жоқ, үйге жақындағанда «темекі алып келем» деп магазинге кеткен. Сосын келді.

– Темекі әкелді ме?

– Білмеймін, бірақ үйге келгенде үстінен темекінің иісі бұрқырап тұрды.

– Ол Әселге ренжіген жоқ па еді?

– Жоқ. Жабысып билеген еді ғой. Белінен еркін қысып ұстатып тұрған қызға еркек неменге ренжиді? – деп Райхан мырса ете қалды.

Бұл жауаптан тергеуші Досбол үйге келмес бұрын Әселге баруы мүмкін деп ойлады. Оның үстіне, көрші үйі. Досболдың Әселге қандай істеуі мүмкін бе? Тіпті, сырттай қарағанда онай іс болып көрінгенмен, куәгерлер жауабының өзі сан сұраққа жетелейді екен деп ойлануы қалды. Қағаздарды ақтарып отырғанда, тергеушіге ауруханадан қоңырау соқты.

– Сәлеметсіз бе, Қайрат Тұрсынбекұлы! Әсел Хамзина есін жиді. Ескерт де еліңіздер. Қазір келіп, сөйлесуіге болады. Тек 5-10 минут қана.

– Ааа, рақмет, қазір барамын.

– Көріскенше!

Күрмеуі қиын жіптің шешімін табатын болдым деп қуанған тергеуші ауруханаға құстай ұшты. Істі сотқа өткізгенше комадан оянамай қала ма деп аландай еді. Құдайдың қарасқаны шығар... Орталық ауруханаға он минута жетті. Әсел Хамзинаны 20 палатаға ауыстырғанын біліп, ұзын дәліздің соңғы палатасына келіп, есікті қағып ішке кірді.

– Сәлеметсіз бе, Әсел!

– Сәлеметсіз бе!
– Жағдайыңыздың оңалғанына қуаныштымын. Көп уақыт алмайын. Қысқаша не болғанын, сізді 3-қабаттан кім құлатқанын айтсаңыз.

– 19 тамыз туған күнімді үйімде жасадым. Серік, Анар, Бағдат, Әсел келді. Райханмен күйеуімен билегенім үшін ұрысып қалдым, Анар мені кінәлап шықты. Екеуіміз төбелесіп қалдық. Сосын ол мені балконнан итеріп жіберді.

– Не үшін?

– Себебі бұрын екеуіміз бір жігітті жақсы көрдік. Ол Анарды таңдаған.

– Қашан, оның бұған не қатысы бар?

– Сол кезде дейін екеуіміз жан дос болдық. Бірақ аразымызға Арман түскен соң, менің сезімім өшті. Өмірімнің

пе?! Сондықтан Жамал асықпай отырды. Іштей: «Үйдің іші баяғыдай екен, жиһаздары, теледидары, тіпті ыдыстары да көне. Небәрі 28-ге толған қыз тұрды. Ол қызға ескі естеліктермен өмір сүрген ұнай ма екен? Я, Алла, менің пешенеме біреудің тағдырын шешуді бұйыртқан екенсің. Әділ болуыма жол көрсет. Сенің пендемін, маған көмек бер. Менің өмірім – сол судьялық, басқа ештеңе де жоқ. Сондықтан осы жұмысымды адал атқаруыма күш-жігер бер, сана мен ой бер. Я, Алла...», – деп орнынан тұрды.

Сол мезетте қасындағы әріптестері балконға кезекпен шыға бастады. Жамал да балконға аяқ басқаны сол еді, басы айналып, көзі төңкерілгендей жүрегі айнып кетті. Жаны қиналып жатып «жаман жерге салған екен мына үйді» деп ойлады. Бір сәтте «дәл қазір осы балконнан құлап кетемін» деген қорқыныштан өне бойы дірілдеп кетті. Қалшылдап хатшысына «Әсем, жаман боп тұрмын. Үйге кіргізіші» деп айтуға ғана шамасы келді.

Ол қолынан ұстап, үйге кіргізді. Қалай үйге кірді, жаңағы Жамалдың бойын билеген ауру мен үрей сап тыйылды. Жүрегі айнымағандай, басы да айналмағандай көзі шайдай ашылды. Тіпті, балконға шыққанға дейін қалып қалыпты жақсы күйде жүрді, сол жағдайына оралды. Бұл сәтті Жамал көпке дейін ұмытқан жоқ. Бірақ ол кезде не болғанын түсінбеген еді. Тек кешкісін жұмыстан қайтар жолда «Құдай маған балконнан құлаған Әселдің сол кездегі кешкен күйін көрсеткен екен. Яки ол өзі құлаған болуы керек, себебі ол да арам судан ішіп, мас болған. Оның үстіне, күдіктінің де бойы сол шамалас, оның итеруге күші жете қоймас. Демек, істі қайта қарау керек. Мен нақақтан-нақақ жас қыздың өміріне балта шаппаймын», – деген қорытынды жасап, істі тергеуге қайтарып жіберді.

Біраз уақыттан соң іске өзгерістер еніп, шындықтың беті ашылды. Дүкенші Досболдың дүкенге барғанын, темекі алғанын растапты. Сонымен қатар, 2 қабаттағы көрші Зинаида апай да Ресейден келіп, оқиғаның қалай болғанын баяндап беріпті. Ол бір адам бар екпінмен жүгіріп барып өзі жерге құлағанын айтқан. Әсел Хамзина мас күйінде құлап кетіп, осы сәтті пайдаланып Анардан кек қайтармақшы болған.

Осы оқиғадан соң, біраз жылдан кейін орталық базарда ет алуға келген Жамалды сыртынан бір келіншек қапсыра құшақтап:

– Сәлеметсіз бе?! – деді қуанышты дауыспен. Гүлді ұзын көйлек киген әйелдің қасында ерткен кішкентай баласы бар. Жамалдың танымағанын байқаған ол:

– Мені танымадыңыз-ау деймін, мен Анар Исаевамын. Сіз мені ақтап, өмірімді жалғастыруға мүмкіндік бердіңіз. Соттан кейін сізді көрмедім. Міне, тұрмысқа шықтым, қазір екі баланың анасымын. Рақмет, егер сіз болмағанда өмірімнің қалай өзгеретінін елестету қиын еді, – деді.

– Иә, енді есіме түсті. Өте қуаныштымын.

– Жүріңіз, сізге бір шәй әперейін?

– Жақсы.

Осылайша базарда кездейсоқ кездескен екі әйел аяндап кетіп бара жатты. Осы кезде Жамал бұл өмірге бекер келмегеніне, қызметтік, бәлкі өмірлік міндетін айырыпмен атқарғанына шүкіршілік етті...

Сабылған, сапылысқан өмірде өз тағдырыңды реттей алмай дал боласың... Кім жақсы, не жаман, не істеймін деген сан сұрақтан тұратын бұл дүниеде өмірдің мәнін тапқан адам жоқ шығар?! Сенің қолыңда өзге адамның өмірі тұрса не істейсің? Міне, сол қиын. Адамның тағдырына шешім айту үшін жүрегің де, болмысың да таза болуы керек емес пе?! Ал сіз өзінзді арлы адаммын деп айта аласыз ба?...

Дайана ТОҚБЕРГЕНОВА

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»

ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмухамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №130 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **ANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31